

«Ерке» жеке бөбекжайы Педагогикалық кеңес
Хаттама №1

Өткізілген уақыты: 28.08.2023ж.

КҮН ТӘРТІБІ:

Тақырыбы: «Бөбекжайдың 2023 – 2024 жаңа оқу жылына дайындығы»

Мақсаты: Бөбекжайдың жаз мезгіліндегі жұмыс қорытындысымен педагогтарды таныстыру, жаңа оқу жылының жоспарын бекіту

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту хатшы сайлау

2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы

3. Балабақшаның жұмысының жылдық жоспарын бекіту

4. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы

5. Жаңа нормативтік-құжаттармен танысып, талқылау

6. Ағымдағы мәселелер:

- Жылдық оқу жоспары;

- Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі;

- Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарына өту кестесі;

- Топ балалар тізімдері;

- Аттестаттау комиссиясы және сараптамалық кеңес құрамын бекіту

Тыңдалды.

Педагогикалық кеңес құрамы:

Бөбекжай меңгерушісі: Хамидуллина Гулдана Аскаровна

Бөбекжай әдіскері: Есимғалиева Ырысгүл Сырымқызы

Бөбекжайда 2 топ жұмыс жасайды (1 кіші топ, 1 ортаңғы топ)

«Педагогикалық кеңестің қатысушылар құрамы:

«Ерке» жеке бөбекжайы» 2023–2024 оқу жылына келесі құраммен

педагогтарды педагогикалық кеңеске қатысуын қамтамасыз ету мақсатында

Кеңестің төрайымы:

Г.А. Хамидуллина

Әдіскер:

Ы.С. Есимғалиева

Педагог – психолог:

А.К. Мурадымова

Музыка жетекшісі:

Ж.М. Мендигазилова

Дене шынықтыру нұсқаушылары:

М.А. Кутушева

Тәрбиешілер: «Ақбота» кіші топ :

Ж.М. Мендигазилова

«Ботақан» ортаңғы топ: М.А. Кутушева

«Директор жанындағы кеңес мүшелері»

Төрайымы:

Г.А. Хамидуллина

Орынбасары:

Ы.С. Есимғалиева

Мүшелері:

А.К. Мурадымова

Ж.М. Мендигазилова

М.А. Кутушева

Хатшы:

Д.И. Төлеген

-Жазғы сауықтыру кезеңінде балалармен өткізілетін іс-шаралар және ойын-сауық жоспары уақытылы өтті. Жаз мезгілі баланың денсаулығын нығайтып, ағзасын шынықтырып кейбір бала бойындағы кемшіліктерден арылуға көмектесетін ең тиімді кезең. Тәрбиешілер жаздың шуақты күндерін барынша тиімді пайдаланды. Ол үшін алдын-ала жоспар құрылып, педагогикалық кеңес отырысында талқыланды.

Балалар өмірі мен тұлға қауіпсіздігінің сақталуына жағдай жасау, түрлі аурулардың алдын-алу, жарақаттануды болдырмау, сауықтыру, шынықтыру шараларын ұйымдастыруды жүйелі жүзеге асыру, педагогикалық және әлеуметтік тұрғыда ата-аналарды сауықтыру, шынықтыру шараларымен сауаттандыру, балалардың қызығушылығын аттыру, балабақшадағы бала өміріне ұмытылмас қуаныш сыйлау міндеттерін жүзеге асырды.

«Бала ойынмен өседі» деген сөз бар, сондықтанда бейімделу кезеңінде қызықты ойындар баланың көңіл – күйін көтеріп, топтасып ойнауына көмектесті.

Баланың балабақшаға бейімделуі қызықты әрі жеңіл өтуі үшін үстел үсті ойындарын ойнады. Жаз туралы тақпақтар, мақал – мәтелдер, жұмбақтар жаттады. Күнделікті балалармен тақырыптық суреттер көріп сөйлеу қабілеттерін дамытуға көмек берді. Балалармен дидактикалық, қимылды – қозғалысты, желілі-рөлдік ойындар ойнады. Бұл ойындар балалардың қызығушылығын арттырып бейімделуін жеңілдетеді.

Балабақшадағы топ балаларымен ұйымдастырылған «Қош бол, жайдарлы жаз!» - атты көңіл көтеру мерекелік іс-шаралар мен конкурстар ұйымдастырылды. Сонымен қоса асфальт үстінде бормен сурет салу, топта саусақпен, алақан мен гуашты сурет салу сияқты көптеген іс-тәжірибелер жасалды.

Қорытындылай айтқанда, жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоциалық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдайлар жасалды.

Сауықтыру жұмыстарын жүйелі өткізіліп: әрбір бүлдіршіннің қабілетін ашуға қажетті жағдай жасауға; бала өмірін қызықты және мазмұнды етуге; құрдастармен және ересектермен қарым-қатынас жұмыс жасауға үйреттік. Дене және психикалық денсаулығын нығайтуда қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға, валеологиялық білімін іс-тәжірибеде өздігінен іске асыра және спорттың әртүрлі түрлерімен айналыса білуге мүмкіндік болды.

- Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы және бөбекжайдағы барлық мамандармен, тәрбиешілердің жылдық жоспарын талқыланып, бекітілді.

5. Жаңа нормативтік-құжаттармен танысып, талқылау

Әдіскер: Ы.С. Есимғалиева бөбекжай ұжымы педагогтерін 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен жаңа оқу жылының ерекшелігімен, міндеттерімен таныстырып, циклограмманың жазылу тәртібін слайд көрсете отырып, түсіндірді.

- Топ тәрбиешілерінің, арнайы мамандардың перспективалық жоспарларын тексеріліп, талқыланды.
- ҰІӨ кестеге сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланады. Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасын мектепке дейінгі ұйымның педагогтері: тәрбиеші, қазақ тілі мұғалімі, педагог-психолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, арнайы педагогтер, әр қайсысы өзі жазып, дайындайтын болып келісілді.

2023 – 2024 оқу жылындағы жылдық міндеттер:

1.Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің экологиялық ортасын байыту, құрылған ортаны балалармен жұмыста пайдалану.

2.Денсаулық сақтау технологиясын енгізу арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Семинар:

Мектепке дейінгі ұйымда заманауи инновациялық технологияларды енгізу.

«Бәрін білгім келеді» облыстық тәжірибелік алаң бойынша, топтардың жобалық жұмыс тақырыптары бекітілді:

«Ботақан» ортаңғы топ: «Әдемі гүлдер»

Ағымдағы мәселелер бойынша жылдық оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, топ балалар тізімдері бекітіліп, берілді.

-Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесімен таныстырылды.

2.Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы «жақсы» деп бағалансын; (жауапты: меңгеруші, 28.08.2023ж)

3. Балабақшаның жұмысының жылдық жоспарын бекітілсін; (жауапты: меңгеруші, 28.08.2023ж)

4.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы жақсы деп есептелінсін; (жауапты: меңгеруші, 28.08.2023ж)

5.2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынып жұмыстанылсын;

-Ағымдағы мәселелер бойынша топ тәрбиешілерінің, арнайы мамандардың перспективалық жоспарларын тексеріліп, бекітілсін;

- Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасын мектепке дейінгі ұйымның педагогтері: тәрбиеші, қазақ тілі мұғалімі, педагог-психолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, арнайы педагогтер, әр қайсысы өзі жазып, дайындайтын болып келісілді. (жауапты: әдіскер, 06.09.2023ж, циклограммаларды бекіту алдағы аптаға әр аптаның жұма күні)

-Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан уақтылы өтілсін; (жауапты: меңгеруші, курстан өту кестесіне сай)

«Ерке» жеке бөбекжайы меңгерушісі: Г.А. Хамидуллина

Хатшы:

Д.И. Төлеген

«Ерке» жеке бөбекжайының №2 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 29.11.2023 ж.

Тақырыбы:

Мектепке дейінгі экологиялық оқыту мен тәрбиелеу үрдісін ойын арқылы дамыту.

Мақсаты:

Баланы мектеп жасына дейінгі кезеңнен өзі өсіп-өнетін ортасын, қоршаған табиғатын бағалай білуге және оларға дұрыс қарауға үйрету.

Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы – меңгеруші Г.А. Хамидуллина
2. «Балабақшада балаларға жан-жақты экологиялық тәрбие беру үшін қолайлы жағдайлар туғызу» - әдіскер Ы.С. Есимғалиева
3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер – әдіскер Ы.С. Есимғалиева
4. Педагогтермен ойын: «Бағдарламаны білеміз бе?» - әдіскер Ы.С. Есимғалиева

Тыңдалды:

- 1) Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы бөбекжай меңгерушісі Г.А. Хамидуллина сөз алды:

Құрметті әріптестер, жаңа оқу жылының басталғанына да үш айдың жүзі болды. Оқу тәрбие жұмысы стандарт талаптарына сай жоспарланып, жүргізілуде. Бала өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі туралы нұсқаулық жүргізіліп, таныстырылды. Топтың жабдықталуы, заттық-дамыту орталары және топтардың іс құжаттарынан перспективалық жоспарлар, апталық циклограмма, бастапқы мониторинг, жеке даму карталары тексерілді. Жалпы құжаттар бекітіліп, келісіліп, талапқа сай жүргізілуде. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізуде. Тексеру тақырыбына сай тәрбиешілердің көрнекіліктері, құжаттары және де қосымша материалдары тексерілді. Әрине, әр ұйымдастырылған іс-әрекетке сай көрнекіліктердің болуы қажет, сол жағына баса назар аудару керек.

- 2) Балабақшада балаларға жан-жақты экологиялық тәрбие беру үшін қолайлы жағдайлар туғызу» - әдіскер Ы.С. Есимғалиева

Балабақшадағы экологиялық тәрбиенің мақсаты – табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып күту, табиғат жөнінде қарапайым білім бере отырып, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде қарапайым ұғымдар қалыптастыру. **Балабақшадағы экологиялық тәрбие жұмысы**, тәрбиенің негізгі салалары болып есептелетін адамгершілік, эстетикалық, еңбек тәрбиелерінің желісінде және халықтық педагогиканың қайнар бұлағын пайдалана отырып жүргізсе, айналадағы орта, табиғат жайындағы жалпылама ұғымдар нақтыланып, қалыптаса береді. Экологиялық тәрбие жұмысына орай көрнекіліктерді

қолдана отырып, табиғат бұрышының жабдықталуына байланысты сайыстар ұйымдастырылып экология мәселелері туралы, жағымды-жағымсыз әрекеттер бейнеленген суретте пайдаланылғаны, ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлескен жұмысының нәтижесінде табиғат туралы шағын кітапхананы өлі және тірі табиғатпен жабдықтау арқылы көрме ұйымдастырылғаны дұрыс.

Табиғат бұрышында балалар бөлме ішінде өсімдіктерді суарып, гүлдердің түбін қопсытады, сондай-ақ аквариумды, құс торларын тазартады, өсімдіктер мен жануарларды дұрыс күту мен олардың жақсы жағдайда болуы арасындағы байланысты анықтауға үйретіледі. Табиғат мүйісінің эстетикалық көркемдігіне балалар назарын үнемі аударып отыру. Бұл топта тәрбиешінің суреттерді, диафильмдер мен көркем әдебиетті оқуды пайдалану арқылы әңгімелесулеріне көп орын беріледі және табиғат құбылыстары туралы өз елінің табиғатын қорғап, қамқор бола білу қасиеті бойына сіңіріледі.

«Алтын күз», «Күстар күні», «Табиғатты сүйеміз», т.б. ертеңгіліктер бала еңбегімен ұштасып, әр педагогтің ізденімпаз әрекеті ғана болашақ табиғат жанашырын тәрбиелей алады дей келіп, тәрбие жұмысын жүргізудің мынадай екі нысанасына назар аударамыз:

а) балалардың айналадағы табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, ұғымын кеңейту, оның әсемдігін нәзік сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу.

ә) балабақшада табиғат жайында алғашқы ұғымды қалыптастыра отырып қарапайым білім беріп, осының негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпылама таным-түйсік қалыптастыру.

3) Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.

Балабақша әдіскері Ы.С. Есимғалиева сөз алып өткізілген ашық ұйымдастырылған іс әрекеттеріне тоқталып өтті.

«Ботақан» ортаңғы тобының тәрбиешісі Кутушева М.А. «Күз бізге не береді?» тақырыбында ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізді. ҰІӨ шаттық шеңберінен басталды (балалар ашық ҰІӨ-те жатқа айтқаны дұрыс болады). Күз мезгілінің үлкен целлофанға қолдан салынған суреті бойынша әңгіме жүргізді, жұмбақтар шешті, «Көкөніс пен жемістер дауы» ертегісін сахналады, «Көкөністер мен жемістер қайда өседі» ойынын ойнатты және 3 топқа бөліп шығармашылық жұмыстар жасады: дайын скочқа жапсырылған ағаш бұтақтарына жапырақтар жапсыру; қағаз тарелкадағы ағаштың суретіне ермексаздан жапырақ жасап, жапсыру; екі қабатты целлофанның ортасындағы бояуды жайып, жапырақ көлемін шығару. (1 топ тапсырмасында суреті кішкентай, жапырағының көлемі үлкен болды) Балаларға ҰІӨ қызық болмады, сондықтан да жұмыстарын жасап болған соң, шулап, тәрбиешіні тыңдамай кетті. Тәрбиеші ҰІӨ-гін дұрыс ұйымдастыра алмады).

4) Педагогтермен ойын: «Бағдарламаны білеміз бе?» - әдіскер Ы.С. Есимғалиева

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына

өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Кіші топ

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты балаларды әлеуметтендіру, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Тапсырма: Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау.

Ортаңғы топ

Мақсаты балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Тапсырма: Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).

Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Балабақшада балаларға жан-жақты экологиялық тәрбие беру үшін қолайлы жағдайлар туғызу жұмысын жалғастыру;

Жауапты: әдіскер, меңгеруші, мерзімі I жарты жылдық)

2. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің талдау нәтижесін алдағы уақытта ескеру, тәжірибе алмасу; (жауапты: әдіскер, мерзімі: бөбекжай жоспарына сай)

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын әр педагог өз тобының жас ерекшелігі бойынша жатқа білу.

(жауапты: әдіскер, барлық педагогтар; мерзімі: әрдайым)

Келесі педкеңеске тапсырма:

- заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу бойынша жоба қорғау;

- Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингтің есебін дайындау.

Педкеңес төрайымы:

меңгеруші Г.А. Хамидуллина

Хатшы:

Д.И. Төлеген

«Ерке» бөбекжайының №3 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 30.01.2024 ж.

Тақырыбы:

Денсаулық сақтау технологиясын енгізу арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мақсаты:

Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, МДҰ балалары мен педагогтарының салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру

Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы – меңгеруші Г.А. Хамидуллина
2. Денсаулық сақтау технологиясын енгізу арқылы балалар мен МДҰ педагогтарының салауатты өмір салтын және қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру – әдіскер Ы.С. Есимғалиева
3. Денсаулық сақтау технологиялары балабақшада – дене шынықтыру нұсқаушысы М.А. Кутушева
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі – тәрбиеші Ж.М. Мендигазиева
5. Заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу бойынша жоба қорғау – тәрбиеші М.А. Кутушева

Тыңдалды:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы бөбекжай меңгерушісі Г.А. Хамидуллина сөз алды:

Балабақшада балаларға жан-жақты экологиялық тәрбие беру үшін қолайлы жағдайлар туғызу жұмысын жалғастыру бойынша жоспарға сай және жоспардан тыс та айтарлықтай жұмыстар жасалды.

- Әр топ экологиялық бағытта логикалық ойындар жинағын дайындады.
- «Ботақан» ортаңғы тобы «Гүлдер» тақырыбына буклеттер, жұмбақтар және шаттық шеңбері жиынтықтарын жасаған.

2. Денсаулық сақтау технологиясын енгізу арқылы балалар мен МДҰ педагогтарының салауатты өмір салтын және қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру.

Мақсаты: балалардың денсаулығын сақтау және нығайту, ата-аналардың, педагогтардың, тәрбиеленушілердің өз денсаулығын сақтау ісінде жауапкершілікті қалыптастыру.

Міндеттері:

Денсаулық сақтау технологияларын пайдалана отырып, тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимыл арқылы дене шынықтырумен айналысудың

маңыздылығын арттыру және салауатты өмір салтына құндылық қарым-қатынасты тәрбиелеу;

* балабақшада дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарына жағдай жасау, ресурстық қамтамасыз ету;

* мектепке дейінгі мекеме педагогтарының кәсіби шеберлігін арттыру;

* мектепке дейінгі балалармен жұмыста қазіргі заманғы денсаулық сақтау технологияларын қолдану;

* мектепке дейінгі балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және сақтау мәселелерінде ата-аналардың құзыреттілігін арттыру; Аталған мәселе бойынша осы мақсат, міндеттерге жету үшін, бөбекжайда балалармен атқарылған жұмыстар:

- Ертеңгілік жаттығулар (таза ауада, муз. зал, топта ұйымдастырылады);
- Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті кесте бойынша мамандармен өткізіледі;
- Тәтті ұйқы;
- Таза ауада серуендеу;
- Динамикалық үзілістер;
- Дене шынықтыру мерекелелері: «Спорт! Спорт! Спорт!»; «Өнеріміз саған – Қазақстан!» Фестиваль (Ұлттық өнерді меңгерген балалар); Денсаулық апталығы; «Спорт әлемінде»
- Дене шынықтыру жарыстары: «Шымырлық пен шеберлік күні «Ханталапай» ұлттық ойыны (ата-аналармен бірге);
- Денсаулық күндері «Денсаулығым – керемет, жаттығуға рахмет!»; «Біз спортшы балақай»
- Ұлттық ойын үйірмелері: Асық ату, Бестемше.

3. Денсаулық сақтау технологиялары балабақшада.

Мектепке дейінгі мекемеде баланың өмірлік іс-әрекеті әртүрлі нысанда және түрлі әрекеттер көмегімен денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған болу керек. Қазіргі уақытта бұл кешен «денсаулықты сақтау технологиясы» деп аталады.

Денсаулық сақтау технологиялары

Тәрбиелеу –сауықтыру, түзету және алдын алу шаралары біртұтас жүйе ретінде сабақтастық үрдісінде жүзеге асады.

Денсаулық сақтау технологиясының мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі баланың денсаулығын сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

СӨС туралы қажетті білімін, білігін және дағдысын қалыптастыру; алған білімін күнделікті өмірде қолдануға үйрету.

Балабақшаның денсаулық сақтау жүйесі:

-әртүрлі сауықтыру тәртібі (бейімделуге, демалыс кезеңіндегі);

-шынықтыру шаралар кешені (ауада шынықтыру, “денсаулық кілемшелерімен” жүру, жалпақтабандылықтың алдын-алу; балалардың таза ауада ұзақ болуын қамтамасыз ету, сергіту жаттығулары);

-әр түрлі үлгідегі дене шынықтыру оқу іс-әрекеті;

-қимыл тәртібін оңтайландыру : балалардың дәстүрлі қимыл әрекеті(таңғы жаттығу, дене шынықтыру оқу әрекеті, қимлды ойындар ойнау, серуен) және сауықтыру мен шынықтыруға арналған инновациялық технологиялар (ритмопластика, логоритмика, түйсіну кілемшелері);

- рационалы тамақтануды ұйымдастыру;
- баллармен және ата-аналармен медициналық-прфилактикалық жұмыс;
- педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда Сан-Эпид талаптарын сақтау;
- педагогтардың психологиялық және физиологиялық денсаулығын сақтаудағы іс-шаралар кешені.

4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі.

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын;
- Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі;
- мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін;
- диагностика жүргізу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, бейнелеу әрекеті нәтижелерін зерттеу;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын игеру деңгейін есептеу әдістерін;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау;
- әңгімелесу;
- балалардың салған суреттерін, қолдан жасаған бұйымдарын талдау және басқалар.
- *Жетекші әдіс* – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.

Аралық мониторинг мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейлерін есептеу әдістемесі бойынша жасалады. Бақылау парақтары Excel форматта берілген, сонда алдымен оқу жылы, мониторинг алынып отырған топтың атауы, өткізу кезеңі мен мерзімі және балалардың аты жөні туралы мәліметтер толтырылады. Топтағы

балалардың нәтижелерін қойып болған соң, Excel бағдарламасы автоматты түрде әрбір индикатордың қорытындысын шығарады.

5. Заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу бойынша жоба қорғау

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру ұсынылады.

Дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны - балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта.

Дамытушы заттық-кеңістіктік орта;

- Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етуі;
- балалардың жастарына сәйкес болуы;

- тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қол жетімді болуы;

- эмоционалды қолайлық пен баланың жеке басын дамытуға жағдай жасауды (демалыс немесе балалардың оңаша ойнауына арналған орынды және т. б. жабдықтау) қамтамасыз етуі;

- түрлі материалдарға бай, сондай-ақ ересек пен баланың бірге әрекет етуіне және баланың өздігінен әрекет етуіне ыңғайлы болуы тиіс.

Біздің «Ботақан» ортаңғы тобында «Мен суретшімін», «Экологиялық ертегілер», «Электронды кітапхана», «Көңілді театр», «Мен табиғатты сүйемін», «Ғажайып математика», «Құрылысшы», «Дүкен», «Аурухана», «Шаштараз» дамытушы орталықтары бар. Бағдарлама бойынша, ұйымдастырылған іс-әрекет мазмұнына сай және ҰІӨ тыс уақыттарда балаларға ересекпен бірге әрекет етуіне, өздігінен әрекет етуге, демалуына, оңаша ойнауына қол жетімді, түрлі материалдармен жабдықталған.

Педкеңес шешімі:

1. Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалар мен МДҰ педагогтарының салауатты өмір салтын және қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды жүзеге асыру; (жауапты: меңгеруші, әдіскерлер, барлық педагогтар; мерзімі: 2023-2024 оқу жылы)

2. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылай отырып, тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын меңгеру сапасын көтеру; (жауапты: әдіскерлер, барлық педагогтар; мерзімі: 2023-2024 оқу жылы)

3. Барлық топтарда заттық-дамытушы ортаны құру, оны қызығушылық орталықтарына бөлуді талапқа сай жасақтауды оқу жылы соңына дейін аяқтау.

(жауапты: топ тәрбиешілері, мерзімі: 2023-2024 оқу жылы)

Келесі педкеңеске тапсырма:

Ата-анамен жұмыс бағытында папкалар, буклеттер дайындау, көрме ұйымдастыру.

Педкеңес төрайымы:

Хатшы:

меңгеруші Г.А. Хамидуллина

Д.И. Төлеген

«Ерке» жеке бөбекжайының кезекті №4 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 28.03.2024 ж.

Тақырыбы:

Инновациялық технологияларды қолдануда әр баланың шығармашылығын жүзеге асыру.

Мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда инновациялық тәжірибелерін қолдану.

Қатысқандар: 6

Күн тәртібі:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы – меңгеруші

Г.А. Хамидуллина

2. В.Восковович технологиясын қолдану – кіші топ тәрбиешісі Ж.М.

Мендигазиева

3. Ата-анамен жұмыс бағытында папкалар, буклеттер дайындау, көрме ұйымдастыру – ортаңғы топ тәрбиешісі М.А. Кутушева

Тыңдалды:

1) №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.

Денсаулық сақтау технологиясын қолдану арқылы балалар мен МДҰ педагогтарының салауатты өмір салтын және қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды жүзеге асыру бойынша жұмыстар жалғасын табуда. Тәрбиелеу-сауықтыру, түзету және алдын алу шаралары біртұтас жүйе ретінде сабақтастық үрдісінде жүзеге асады.

- Бала және педагог
- Бала және ата-ана
- Бала және дәрігер

Денсаулық сақтау технологиялары негізінде балаларды денсаулығын сақтауға және нығайтуға баулу жұмыстарыда жоспар бойынша жүргізіледі.

Денсаулықты сақтау және ынталандыру технологиялары

- Динамикалық үзілістер;
- Қимылды және спорттық ойындар;
- Релаксация;
- Саусақ жаттығулары;
- Көзге арналған жаттығулар;
- Тыныс алу жаттығулары;
- Ұйқыдан кейінгі жаттығулар;
- Ритмопластика.

Салауатты өмір салтын меңгерту технологиялары:

- Таңғы жаттығулар

- Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті
- Өзін-өзі уқалау
- Белсенді демалыс және «Денсаулық әліппесі» әрекеті.

Мектепке дейінгі мекемеде баланың өмірлік іс-әрекеті әртүрлі нысанда және түрлі әрекеттер көмегімен денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылай отырып, тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын меңгеру сапасын көтеру. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат сапалы білім беру ортасын құру мен оны дамыту және білім беру қызметін тиімді ұйымдастыру негізінде сапаны қамтамасыз етуді үздіксіз жетілдіруге бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін сапаны бағалау өлшемшарттарында бағалау бойынша ұсыныстар, бағалау сапа көрсеткіштерінің 4 параметрі бойынша жүргізіледі, олардың әрқайсысында өлшемшарттары мен олардың индикаторлары анықталған. Критерийлердің жалпы саны 27.

I. Қауіпсіздік және қол жетімділік

II. Педагогтердің бағдарламаның күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуі

III. Баланың отбасымен өзара қарым-қатынас

IV. Педагогтердің кәсібилігі

Бағалау сапа көрсеткішінің «Педагогтердің бағдарламаның күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуі» 2-ші параметрінің 10 критерийлер көмегімен бағалау жүргізіп, бақылау парағын толтырып отырамыз. Бағалау жүргізер алдында мектепке дейінгі ұйым топтарында меңгеруші, әдіскерлермен алдын ала бақылау жүргізілді. Бақылау нәтижесінде, алдағы уақытта даму жоспары құрылып, жұмыс бағыттары анықталады.

Барлық топтарда заттық-дамытушы ортаны құру, оны қызығушылық орталықтарына бөлуді талапқа сай жасақтауды оқу жылы соңына дейін аяқтау тапсырылған болатын, дегенмен кейбір топтар тәжірибелік алаңға байланысты өз бағыттарына сай даму орталықтарын жасақтауда асығатын емес. Оқу жылының аяқталуына аз ғана уақыт қалды, сондықтан да бастаған жұмыстарыңды тезірек аяқтауларыңыз сұралады.

2) В.Восковович технологиясын қолдану.

Технологияны іске асыру тәсілдері.

Технология орналасқан тәртіптерге жақсы кіріктіріледі. «Ересек-бала» қатынастарында ересек адамның баланың үстіне қарау қарастырылмаған, мұнда тек қана серіктестік қатынастар. Бала жайлы, көңілді, интеллектуалды-шығармашылық атмосферамен қоршалған. Бала өзінің шығармашылық бастамаларын қолдау есебінен сыртқы сезімдері ашылады.

Біздің топтағы балалар «Геовизор», «Кемелер», «Фонарики» сынды ойындармен жұмыс істегенді өте ұнатады. Осы ойындардың көмегімен балалар математикалық ұғымдардың айырмашылықтарын, қызығушылықтарын, ықылас-ынталарын көрсетеді. Ойын кезінде балалар өздерін тәуелсіз сезінеді, білімдері мен дағдыларын тереңдетеді.

Бұлар – бүлдіршіндердің сенсорлық тәрбиесінің, сезім мүшесінің дамуына, айналадағы болмысты танып-түсінуге әрекет жасап, логикалық және басқа да қасиеттерін қалыптастырудың ең негізгі кезеңі болып табылады.

Воскобовичтің дамытушы ойындары. Геоконт.

Халық оны «шегелері бар тақтайша» деп атайды. "Геоконт" ойынының нәтижесінде балалардың қол және саусақ моторикалары, сенсорлық қабілеттері (түс, түр, пішін), ойлау процестері (сөздік модель бойынша құрастыру, симметрия және симметриялы емес фигураларды құрастыру, заңдылықты табу және бекіту)

Воскобович шаршысы (Ойын шаршысы)

Осы ойынның «халықтық» атаулары көп – «үйеңкі жапырағы», «жаулық». Ойын шаршысы" иілемелі негізге бекітілген бір-бірінен біршама қашықтықта орналасқан 32 қатты ұшбұрыштан тұрады. Осындай құрылымына қарай шаршы жақсы трансформацияланады. Шаршы тығыз матадан жасалған, екі жағынан контрасты түсті жеңіл пластиктен жасалған ұшбұрыш жапсырылған.

Шаршылар екі түсті және төрт түсті болуы мүмкін. Балалардың кіші моторикасын, кеңістікті қабылдау, қиялдау, логика және есептеу дағдыларын дамытуға бағытталған. «Ұлы шаршының шегі болмайды» деп осы шаршы туралы айтылған. Баланың қолында қызықты материал, ол әр түрлі қалыптағы геометриялық пішіндерге, «оригами» принципі бойынша ойыншыққа, көлемді пішіндерге трансформацияланады. Бұл шаршы тек ғана ойнауға ғана емес, сонымен қатар, кеңістікті қабылдау, жеңіл моториканы да дамытуға да, геометрия, кеңістік координациясымен, көлем негіздерімен, есептеу материалы, модельдеу негізі үшін, жастарына қарамай шығармашылықты дамытуға да көмек береді.

Автомобильдер паркі, көйлек гардеробы, жануарлар зообағы, көбелектер тобырын «Фигуралар альбомынан» табуға болады.

3) Ата-анамен жұмыс бағытында папкалар, буклеттер дайындау, көрме ұйымдастыру.

Балаларды мектепке дайындауда ата-аналардың қолдауы:

- үйдегі қолайлы білім беру ортасы;
- баланың оқуға деген қызығушылығын қолдау және ынталандыру;
- баламен бірге үнемі оқу;
- тұрақты ойындар;
- мұражайлар мен кітапханаларға бару;
- оқу тақырыптарын талқылау;
- академиялық дамуды қолдау.

Баланы мектепке дайындау міндеттерін табысты шешу отбасы мен педагогтердің өзара әрекеті жағдайында ғана мүмкін болады. Қазіргі уақытта отбасы мен мектептің өзара ынтымақтастығы өзекті және сұранысқа ие.

Ата-аналардың педагогтермен ынтымақтастығы және ата-аналардың мектепті білуге көмектесетін бағдарлау бағдарламаларына қатысуы өзекті және тиімді.

Педкеңес шешімі:

1. В.Восковович технологиясын қолдану арқылы баланың шығармашылық бастамаларын қолдау есебінен сыртқы сезімдерін ашу;

(жауапты: топ тәрбиешілері, 2023-2024 оқу жылы)

2. Баланы мектепке дайындау міндеттерін отбасы мен педагогтердің өзара тығыз байланыс әрекеті жағдайында табысты шешу (жауапты: топ тәрбиешілері, 2023-2024 оқу жылы)

Келесі педкеңеске тапсырма:

- 2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстарына талдау есебін жасау

- Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша қорытынды даму мониторингтің есебін дайындау

Педкеңес төрайымы:

меңгеруші Г.А. Хамидуллина

Хатшы:

Д.И. Төлеген

«Ерке» жеке бөбекжайының кезекті №5 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 31.05.2024 ж.

Тақырыбы:

2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау

Мақсаты:

Педагогикалық іс – әрекеттің тиімділігі, өнімділігі арқылы тұлғаның дамуы мен қалыптасуы бойынша жүргізілген педагогикалық қарым-қатынастың нәтижелерін анықтау.

Қатысқандар: 6

Қатыспағаны – 0

Күн тәртібі:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы – меңгеруші

Г.А. Хамидуллина

2. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстары – әдіскер

Ы.С. Есимғалиева

3. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту – меңгеруші

Хамидуллина Г.А.

4. Тренингтер: «Келіңіз, көңіл көтерейік», «Шырағымыз өшпесін» – психолог

А.К. Мурадымова

5. Заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу бойынша жоба қорғау – Әдіскер Есимғалиева Ы.С., Кутушева М.А.

6. Педагогтардың іс-тәжірибелерімен бөлісуі, оқу жылы бойынша жұмыс қорытындылары

7. «Біздің жетістіктеріміз» мақтау, марапаттау

Тыңдалды:

1) №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы:

3 ай жазғы сауықтыру кезеңінде уақытты үнемді пайдаланып, үлгермеген жұмыстарымызды қолға алып, аяқтауға тырысайық.

2) Балабақшаның 2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстары бойынша есебі тыңдалды.

3) Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарын (Ғылыми-әдістемелік кеңесінің (2024 жылғы 23 сәуірдегі № 3 хаттамасы) шешімімен ұсынылған) басшылыққа ала отырып құрылды.

Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау.

Педагогтарға таныстырылып, педагогикалық кеңес шешімімен бекітілді.

4) А - «Балаларға музыка іс-әрекетін ұйымдастырудағы музыка жетекшісінің маңызды рөлі» - слайд

- Балалардың музыкалық есту, ырғаққа ілесу қабілеттерін дамытуға арналған әуенді-қимылды жаттығулар;
- М.Монтессори әдісімен түрлі-түсті текшемелермен әуенді, қимылды ойын;
- Аспаптармен әуенді қимылды жаттығулар;

Музыка жетекшісі Ж.М. Мендигазиева

Ә – Видео-слайд шоу: "Мектепке дейінгі балалардың дене бітімінің дұрыс қалыптасуы мен жетілуіне дене шынықтыру іс-әрекетінің маңыздылығы"

Қимылдық ойындар:

- 1.Дәлдеп түсір
- 2.Кім шапшаң
- 3.Допты апар

Дене шынықтыру нұсқаушысы М.А. Кутушева

5) Заттық-дамытушы ортаны құру оны қызығушылық орталықтарына бөлу бойынша жоба қорғау

Әдіскер Есимғалиева Ы.С.: Баланың дамуына негізінен тұқым қуалаушылық, қоршаған орта және тәрбие әсер етеді. Қоршаған орта – адамды қоршап тұрған кеңістік, жеке тұлғаның тікелей әрекет ету аймағы, оның дамуы мен әрекеті. Бұл нақты фактор баланың дамуын тежейтіні немесе оның дамуын ынталандыратыны белгілі. Қоршаған орта әсерінің бейтарап нұсқасы да мүмкін, егер ол баланың дамуын тежемесе де, ынталандырмайды. Осының барлығын мектепке дейінгі ұйымда ортаны құру кезінде ескеру қажет.

Слайд – Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – Кутушева М.А.

Слайд – «Мектепке дейінгі ұйымда заттық-дамытушы ортаны ұйымдастырудың маңызы туралы» - Кутушева М.А.

Б - Абай және Табиғат – қазақ тілі мұғалімі Төлеген Д.И.

В - Динамикалық үзіліс – Төлеген Д.И.

Педкеңес шешімі:

1. Қоршаған ортаны баланы қоршап тұрған кеңістік, жеке тұлғаның тікелей әрекет ету аймағы, оның дамуы мен әрекетіне сай ұйымдастыру;
(жауапты: топ тәрбиешілері, мерзімі: жаз мезгілінде)
2. Жаз мезгілі - сауықтыру кезеңінде музыка және дене тәрбиесін талапқа сай ұйымдастыру арқылы балалардың дене бітімінің жетілуі мен дұрыс қалыптасуына қол жеткізу.
(жауапты: музыка жетекшісі мен дене шынықтыру нұсқаушылары, мерзімі: жаз мезгілінде)

Педкеңес төрайымы:

меңгеруші Г.А. Хамидуллина

Хатшы:

Д.И. Төлеген

№ 1 Педагогикалық кеңес хаттамасы (бастапқы)

Тақырыбы: **«Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»**

Өтілу түрі: аналитикалық жоспарлау

Өткізілген уақыты: 27.08.2025ж

Қатысқандар: 6 педагог, қатыспағаны-0

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.
2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы
3. Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну
4. Бөбекжайдың сараптау комиссиясының құрамын бекіту
5. Педагогикалық қызметкерлердің тамыз кеңесінің нәтижелері
6. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру
7. Ағымдағы мәселелер:
 - Оқу жұмыс жоспары, «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру жоспары, тәжірибелік алаң бойынша жоспар, жобаларды және педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту;
 - Тәжірибелік алаң бойынша топ тақырыптары;
 - Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі;
 - Топ балалар тізімдері;
 - Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді таныстыру;

Тыңдалды:

I. **«Бес саусақ»** - психолог А.Мурадымова педагогтармен тренинг ұйымдастырды.

Меңгеруші Г.Хамидуллина тізіммен таныстырып, педагогикалық кеңес құрамын қайта бекітіп, хатшы сайланды (кеңес құрамы қосымша тіркелді)

II. **Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы** (видео-слайд) – меңгеруші Г.Хамидуллина

№5 педагогикалық кеңесте жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының қаралып, бекітілді. Жазғы кезеңге күн тәртібін, ҰІӨ-нің кестелері бекітіліп, жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыру ұйымдастырылды.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау;

- тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы;
- күн режимі;
- белгіленген іс-шаралардың өткізілуі;
- құжаттарды жүргізу;
- алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы;
- қауіпсіздік ережелерінің сақталуы басты назарда болды.

«Алақай, жайдарлы жаз келді» мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспары бойынша:

- «Бақытты балалық шақ»;
- «Жас із кесушілер»;

- «Жаз да келді, көңілді;
- «Қауіпсіз жаз»;
- «Гүлденген табиғат»;
- «Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасы»;
- «Жазғы сайыстар»;
- «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?»;
- «Менің достарым»;
- «Ас атасы – нан»;
- «Мен және қоршаған орта»;
- «Өнер көзі халықта»;
- «Ғажайыптар әлемінде» әр аптаның тақырыптарында балалардың қызығушылықтары бойынша әрекетті ұйымдастыру мақсатты ойын, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл белсенділігі, коммуникативтік байланыс, еңбекке баулу, драмалық және театрландырылған ойындар арқылы қамтылды.

III. Әдіскер «Бөбекжайдың тәрбие мен оқыту жұмысының жаңа оқу жылына арналған жоспарын таныстырды, жоспар талқыланып, бекітілді.

IV. Бөбекжайдың 2025-2026 оқу жылына аттестаттау комиссиясының құрамы сайланып, бекітілді.

Аттестаттау комиссиясының құрамы:

1. АК төрайымы: Ы.Есимғалиева – Бөбекжай әдіскері

АК мүшелері:

2. А.Мұрадымова – бөбекжай логопеді;

3. Хасанова Б.К. – Бөбекжай тәрбиешісі;

4. Кулишова А.Ж. – №3 «Зерде» бөбекжайы әдіскері;

5. Торемуратова В.С. – №17 «Ақжелкен» бөбекжайының әдіскері;

6. Тулепова Г.Е. – №25 «Тұмарым» бөбекжайының әдіскері;

7. Елешова А.И. – №34 «Балбұлақ» бөбекжайының әдіскері;

Комиссия хатшысы – бөбекжай тәрбиеші Мендигазиева Ж.

V. Әдіскер Ы.Есимғалиева 2025-2026 оқу жылында қазақстан республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттама) ұсынылады.

Бұл Әдістемелік нұсқау хат Сіздерге алдағы оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы ұйымдастыруда әдістемелік қолдау көрсетеді.

2025-2026 оқу жылында ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат қолданыстағы заңнама нормаларын сақтау, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға

міндетті стандартын), Үлгілік оқу жоспарларын, Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруға бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру мақсатында әзірленді.

Әдістемелік нұсқау хатта:

- тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарын басшылыққа алу;
 - қауіпсіздікті қамтамсыз ету;
 - МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру; - мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
 - балаларға қазақ тілін үйрету;
 - ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
 - экологиялық мәдениет, құқықтық және қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;
 - мерекелік шараларды ұйымдастыру (мерекелер, ертеңгіліктер, сауық-кештер);
 - ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.
- Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әрбір балаға қолайлы, қауіпсіз, дамытушы білім беру ортасын құру басты назарда болуы тиіс., - дей келіп, барлық бөлімдеріне жеке тоқталып, түсінік беріп өтті.

Әр педагогқа жеке, мұқият танысуын және үстелінде Әдістемелік нұсқаулықтың болуын ескертті.

ҰІӨ кестеге сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланады.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасын мектепке дейінгі ұйымның педагогтері: тәрбиеші қазақ тілінің педагогімен, дене шынықтыру нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен, хореограф және педагог-психологпен бірлесіп құрастырады.

VI. Ағымдағы мәселелер:

- Оқу жұмыс жоспары, «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру жоспары, тәжірибелік алаң бойынша жоспар, жобаларды және педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту;
 - Тәжірибелік алаң бойынша топ тақырыптары;
 - Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі;
 - Топ балалар тізімдері;
 - Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді таныстыру;
- Биылғы оқу жылында біліктілік санатына өткен педагогтер жоқ

(2025-2026 оқу жылына ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, күн тәртібі, тәжірибелік алаң бойынша топ тақырыптары, педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестелері қоса жалғанды).

-Топ балалар тізімдері.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1.Жазғы сауықтыру жұмыстары қорытындысына «қанағаттанарлық» деген баға берілсін.

2.Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сай толыққанды жұмыстану.

(Жауапты: меңгеруші, педұжым, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)

3. ҰІӨ кестеге сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарлау. Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасын мектепке дейінгі ұйымның педагогтері: тәрбиеші қазақ тілінің педагогімен, дене шынықтыру нұсқаушысымен, музыка жетекшісі, және педагог-психологпен бірлесіп құрастыру.

(Жауапты: әдіскерлер, барлық педагогтар, 2025-2026 оқу жылы)

4. Оқу жылына бекітілген аттестаттау комиссиясының құрамы жылдық жоспарына, ережеге сай жұмыстану.

(Жауапты: аттестаттау комиссиясы, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)

5. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа алып жұмыстану.

(Жауапты: әдіскерлер, барлық педагогтар, 2025-2026 оқу жылы)

6. «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жоспарға сай жүзеге асыру.

(Жауапты: әдіскерлер, барлық педагогтар, 2025-2026 оқу жылы)

Келесі педкеңеске тапсырма: «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» бойынша ойын түрлері - Әдіскерлер, тәрбиешілер.

Педкеңес төрайымы:
Хатшы:

меңгеруші Г.Хамидуллина
Ж.Мендигазиева

№ 2 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: **Интеллектуалды ойындар арқылы баланың креативті қабілетін дамыту**

Өткізілген уақыты: 27.11.2025ж

Қатысқандар: 6

Қатыспаған педагогтер: 0

Күн тәртібі:

1. «Педагогтың кәсіптік стандарты» - ойын-тренинг.
2. Тренинг: **«Он секунд» жаттығуы**
3. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
4. Интеллектуалды ойындар баланың креативті қабілетін дамыту құралы
5. Интелект-карталар арқылы баланың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту
6. Психологиялық тест: Қай ағашты таңдайсыз?
7. Тақырыптық бақылау: Интеллектуалдық дамыту ойындары кезінде баланың сөздік қорын дамыту мүмкіндіктері
8. Көрме: «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» бойынша ойын түрлері - тәрбиешілер.
9. Ағымдағы мәселелер

Таңдалды:

1) Ойын-тренинг: «Педагогтың кәсіптік стандарты» тақырыбында педагогикалық кеңеске сай көңілдерін көтеру, назар аудару мақсатында әр педагогқа сәйкес атаулар жазылған қаламсаптар табысталды.

2) Әдіскер Ы.Есимғалиева «Он секунд» тренинг-жаттығуын ұйымдастырды.

Мақсаты: қатысушылардың мазасыздығын жеңу; қарым-қатынас қашықтығын қысқарту арқылы бір-бірін жақынырақ келуге көмектесу, топтың жағымды эмоционалды бірлігін қалыптастыруға ықпал ету.

3) №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы меңгеруші Г.Хамидуллина баяндап өтті.

Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сай оқу-тәрбие жұмыстарының толыққанды жүргізіліп жатырғаны өздеріңізге белгілі болар. Күнделікті, жоспарға сай және облыстық, қалалық білім беру бөлімдерінің жоспарына сай оқу-тәрбие жұмыстары: ҰІӨ-тер, ертеңгіліктер, ашық ҰІӨ-тер, сайыстар, қауымдастық арасындағы жұмыстар, ертеңгіліктер, т.б.

- 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа алып жұмыстану.

Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде жұмыстың өзектендірілген мынадай бағыттары бойынша жұмыстанып жатырмыз:

- ✓ МДҰ мен мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;
- ✓ «Жасыл балабақша» желісін кеңейту – экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- ✓ Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;
- ✓ «Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану арқылы балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды ағарту.

Топтық бөлмелерде мынадай қызығушылықты орталықтарын құруға бойынша жұмысты аяқтау:

- ұлттық құндылықтар;
- сюжетті-рөлдік ойындар;
- театрландырылған ойындар;
- оңаша ойнауына орын;
- кітап бұрышы;
- құрастыру және робототехника;
- табиғат және ғылым;
- шығармашылық;
- мамандықтар.

«Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жоспарға сай жүзеге асыру жұмыстары жалғасын табуда. Бөбекжайда «Әкелер мектебі» және «Аналар мектебі» жұмыс жасайды.

4) «Интеллектуалды ойындар баланың креативті қабілетін дамыту құралы» тақырыбында әдіскер Ы.Есимғалиева баяндады (слайд)

Интеллектуалды ойындар жүйелі және стратегиялық ойлауға үйретеді, талдау қабілетін дамытады, ең бастысы – балалар ішкі іс-қимыл жоспарын құруды үйренеді (ақыл-оймен әрекет ету). Бұл дағды жалпы ойлауды дамытудың кілті болып табылады және интеллектуалды ойындардың көмегімен оны дамыту оңай. Барлық интеллектуалды ойындар екі блокқа бөлінеді: *викториналар мен стратегиялар*.

Викториналар – дұрыс жауаптардың ең көп саны арқылы табысқа жетуге болатын интеллектуалды ойын түрі. Викториналар тест және сюжеттік болып бөлінеді.

Тест викториналары – мұнда қатысушылар сұраққа жауап беріп, бағасын алады (чип, ұпай, мақтау). Мұндай ойындарды теледидардан көруге болады - «Не, қайда, қашан?», «Миллион кімге бұйырады?».

Сюжеттік викториналар қызықтырақ. Мысалы, олар ойын сюжетін ойлап табады (бөтен планеталықтар, Қызыл телпек). Балалар Қызыл телпек, қасқыр болады. Қиял іске қосылады, театрландыру элементтері қолданылады.

Ең бастысы, балаға дайын білімді таңу емес, оларды алу жолдарын көрсету, таным процесін қызықты, нәтижесін тиімді көрсету. Әр жастың өзіндік ерекшеліктері бар және шығармашылық ойындар соларға сәйкес келеді. Мектепке дейінгі жастағы интеллектуалдық ойындардың барлық

түрлерінің ішінде дидактикалық, сөздік, рөлдік және оқу ойындары кеңінен қолданылады.

4) «Интеллект-карталар арқылы баланың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту» тақырыбында қазақ тілі мұғалімі Д.Төлеген (слайд). Интеллект карта – бұл балалардың шығармашылық және сөйлеу қабілеттерін дамытатын және ойлауды белсендіретін ақпаратты есте сақтаудың бірегей және қарапайым әдісі. Бұл әдіс баланың қоршаған әлемді бейнелеу қабілетін оятуға көмектеседі, баланың үйренуі керек ақпаратты құрылымдауға, оны нақты бейнелі бірліктерге бөлуге көмектеседі.

Интеллект –картаны құру шарттары:

- Негізгі ой беттің ортасында орналасады.
- Парақ көлденең орналасады.
- Әр негізгі нүкте үшін орталықтан әр түрлі түсті қаламдар, қарындаштар немесе маркерлер көмегімен әр түрлі тармақтар (кез-келген бағытта) жүзеге асырылады.
- Модельдеу процесінде таңбалар мен иллюстрациялар қосылады.
- Көрнекілік заттар, нысандар, суреттер және т. б. түрінде ұсынылады.

5) Психологиялық тест: «Қай ағашты таңдайсыз?», Ы.Есимғалиева 5 түрлі ағаш беріледі, таңдаған ағашына байланысты педагогқа сипаттама беріледі.

6) Тақырыптық бақылау қорытындысы: «Интеллектуалдық дамыту ойындары кезінде баланың сөздік қорын дамыту мүмкіндіктері».

Аталған тақырыпқа сай төмендегі педагогтар ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін көрсетті, талданып, хаттама толтырылды.

№	Тобы	Тәрбиешісі	ҰІӨ тақырыбы
1	«Ақкөгершін» ма тобы	Кутушева Мадина Александрқызы	«Тапқырлар» интеллектуалды ойыны
2	«Арай» ма тобы	Мендигазиева Жазира Максотовна	«Мен білімді баламын» интеллектуалды ойыны
3	Музыка	Төлеген Диана Исақызы	Музыкалық аспаптар достығы
4	«Раушан» ересек тобы	Мурадымова Айгерим Кайрбековна	Емдік қасиеті бар шөптер

7) «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» бойынша ойын түрлерінен мақсатқа сай жасалған кең ауқымды көрме ұйымдастырылып, әр топ тәрбиешілері және музыка, дене тәрбиесі мамандары, қазақ тілі мұғалімдері өз шығармашылығын таныстырып өтті.

Педкеңес шешімі:

- Интеллектуалды ойындарды кеңінен қолдану арқылы балалардың есте сақтау, логикалық ойлау қасиеттерін, кеңістіктік қиялын, табандылықты, зейінділікті, мақсаттылықты, сондай-ақ белгісіздік

жағдайында шешім қабылдауға және олар үшін жауап беру қабілетін, тәуелсіздікті дамыту;

(Жауапты: барлық педагогтар, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)

- Интеллект карталарды қолдану арқылы балалардың шығармашылық және сөйлеу қабілеттерін дамыту және ойлау қабілетін белсендіру;

(Жауапты: қазақ тілі мұғалімдері, тәрбиешілер, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)

- Тақырыптық бақылау қорытындысы: «Интеллектуалдық дамыту ойындары кезінде баланың сөздік қорын дамыту мүмкіндіктері».

Бақылау қорытындысы бойынша әр педагогке жеке берілген ұсыныстарды пайымдап, сол бойынша жұмыстану.

(Жауапты: топ тәрбиешілер, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)

Келесі педкеңеске тапсырма: Көрме: «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша ойын түрлері – топ тәрбиешілері

Педкеңес төрайымы:

Хатшы:

меңгеруші Г.Хамидуллина

Ж. Мендигазиева

№ 3 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: **Эко-мәдениет балабақшадан басталады.**

Өтілу түрі: Ұжымдық шығармашылық қызмет

Өткізілген уақыты: 30.01.2026ж

Қатысқандар: 6

Қатыспаған педагогтер: 0

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балада экологиялық білім, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыруға жағдай жасау. Тәрбиешілердің педагогикалық шеберлігін арттыру, әдістемелік деңгейін көтеру, шығармашылық ізденіске ықпал ету.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

1. «Ассоциация» ойын-тренинг
2. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
3. Жасыл планета: балабақша балаларына экологиялық тәрбие беру арқылы табиғатты қорғауға қадам жасау
4. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығы және дамыту жолдары (өз іс-тәжірибесімен бөлісу)
5. Театрландырылған іс-шаралар арқылы балаларға экологиялық тәрбие беру
6. Ойын – Ұжымдық шығармашылық жұмыс
7. Жедел бақылау: Балалардың бағдарламаны меңгеру мониторингі
8. Жан-жақты тексеру: Күні бойғы әрекет барысының өтілуін тексеру
9. «Акция, акция, акция!»
10. «Мен суретшімін»
11. Көрме: «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша ойын түрлері – топ тәрбиешілері
12. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Біздің педкеңесіміздің тақырыбы балабақшаның жылдық жоспарына сай «Эко-мәдениет балабақшадан басталады» тақырыбында, Эко-мәдениет – бұл адамның табиғатқа деген саналы қарым-қатынасы, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған күнделікті дағдылары мен өмір сүру салты.

Кеңесті бастамас бұрын бір ойын ойнауды ұсынамын.

1. «Ассоциация» ойыны – психолог А.Мурадымова

Көбінесе адамдар өзін және басқаларды әртүрлі табиғатпен байланыстырады, құбылыстарды, жануарларды немесе заттарды «раушан гүлдей құлпырып», «жұлдыздай жарқырап», «арыстандай ақырып», «қардай аппақ», «мамықтай жұмсақ», «судай тап-таза» т.б.

*Өзіңізді немен байланыстыратындығыңызды ойлаңыз, неге ұқсайсыз (өлі және тірі табиғат, табиғи апаттар, табиғи құбылыстар т.б.)

*Өзіңіз үшін экологиялық мазмұндағы ассоциация, яғни теңеулерді алуға тырысыңыз.

2.№2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы – бөбекжай меңгерушісі Г.Хамидуллина

Интеллектуалды ойындарды кеңінен қолдану арқылы балалардың есте сақтау, логикалық ойлау қасиеттерін, кеңістіктік қиялын, табандылықты, зейінділікті, мақсаттылықты, сондай-ақ белгісіздік жағдайында шешім қабылдауға және олар үшін жауап беру қабілетін, тәуелсіздікті дамыту. Интеллектуалды ойындар, Дьенештің логикалық блоктары, Пазл ойындары, Танграм, «Листик» ойыны, Воскобовичтің әдістемесі – «Мөлдір шаршы», «Мөлдір Сан», «Домино», «Көбейту планетасы», «Ғажайып басқатырғыштар» сериясы, «Математикалық себеттер», Шахат, Дойбы ойындары әр жас ерекшеліктеріне сай балалармен жүргізілуде. Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде, одан тыс уақытта да интеллектуалды ойындарды кеңінен қолдану ұсынылады.

3. Жасыл планета: балабақша балаларына экологиялық тәрбие беру арқылы табиғатты қорғауға қадам жасау – бөбекжай әдіскері Ы.Есимғалиева

Бүгінгі таңда балабақшаларда экологиялық тәрбиені ұйымдастыруда бірнеше мазмұндық модельдер қолданылады:

Мектепке дейінгі ұйымдағы экологиялық тәрбиенің мазмұндық модельдері

1. Дәстүрлі модель
2. Жобаға негізделген модель
3. Интеграциялық модель
4. Эко-орталық моделі

Экологиялық тәрбие мазмұны тәрбиеші тарапынан мынадай әдістемелік талаптарға сай құрылуы тиіс:

Жас ерекшелігіне сәйкестік - балаға түсінікті, жеңіл, көрнекі мазмұн таңдалуы керек;

Қызығушылыққа негізделуі - баланың қызығатын табиғи нысан арқылы мазмұн беру (мысалы, көбелек, гүл, су);

Тікелей тәжірибемен ұштастыру - бала әр ұғымды өз көзімен көріп, қолымен ұстап, әрекет арқылы меңгеруі тиіс;

Сезімге әсер ету - табиғат сұлулығына сүйсіну, қамқорлық, аяушылық, таңдану секілді эмоциялар тудыру қажет;

Тәрбие мен білімнің бірлігі - табиғат туралы білім беру тек ақпарат үшін емес, баланың ішкі мәдениетін қалыптастыру үшін қызмет етуі керектігіне тоқталды.

4. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығы және дамыту жолдары (өз іс-тәжірибесімен бөлісу) – «Тұлпар» мектепалды тобының тәрбиешілері М.Кутушева

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің мақсаты: Табиғатты сүйуге және қорғауға үйрету. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Табиғи ресурстарды үнемдеуге баулу. Баланың танымдық қабілетін дамыту, - болып табылады.

Негізгі міндеттері:

- өсімдіктермен жануарларға қамқорлық жасауға үйрету;
- табиғатты қорғау дағдыларын қалыптастыру;
- табиғат туралы қарапайым түсініктер беру;

- экологиялық мәдениетті дамыту.

Экологиялық тәрбиенің: өсімдіктер әлемі, жануарлар әлемі, су, ауа, топырақ, қоршаған ортаны қорғау бағыттары бойынша жұмыстар жүргізетіні туралы өз тәжірибелерімен бөлісті.

5. Театрландырылған іс-шаралар арқылы балаларға экологиялық тәрбие беру – бөбекжай музыка жетекшісі

«Гүлдер әлеміндегі қызыл телпек» - музыкалық-сахналаық қойылым.

Мақсаты: балалардың өнерін дамыта отырып, музыка оқу қызметі арқылы балаларға эстетикалық және экологиялық тәрбие беру. Сонымен қатар, сахналауды үйрету. Кейіпкерлерді сомдап, еркін сөйлеп, сахналық, актерлік қабілеттерін дамыту.

6. Ойын – «Ұжымдық шығармашылық жұмыс» әдіскері І.Есимғалиева.

ҰШЖ арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу мен тәрбиелеудің кейбір аспектілерін қарастыруға тырысамыз. ҰШЖ –қа 2 түс - «Жасылдар», «Қызылдар» командалары қатысады.

Экологиялық синквейн

Топтарға тапсырмалар:

1. «Қызылдар» командасы «Экология» сөзіне синквейн құрастырады.

Экология, экология

Табиғатты аялайық.

Орман-көлді қорғайды

Жер-ауаны сыйлайды.

Болашаққа аманат

Таза әлем жасайық.

2. «Жасылдар» командасы «Табиғат» сөзіне синквейн құрастырады

Табиғат

Әсем, көркем.

Гүлдейді, көз тартады, зерттейді.

Табиғат бізді қоршаған орта,

Ол – жаратылыс.

7. Жедел бақылау: Балалардың бағдарламаны меңгеру мониторингі – бөбекжай әдіскері І.Есимғалиева

Бөбекжай балаларының саны - 4. Бөбекжайда оқу-тәрбие әрекеті Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптары бойынша балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

2025-2026 оқу жылындағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша аралық даму мониторингінің нәтижелері: жоғары деңгей – 67%, орташа деңгей - 21%, төмен деңгей - 12% пайызды құрады.

8. Жан-жақты тексеру: Күні бойғы әрекет барысының өтілуін тексеру

Балабақшадағы балалардың күні бойғы әрекет барысының өтілуін тексеру тікелей күн тәртібіне байланысты болады. Балабақшада күн тәртібіне сай режимдік үдерістерді дұрыс әрі тиімді өткізу қажет. Бөбекжайымызда тексеріс барысында күн тәртібіне сай барлық іс-әрекеттер жүргізілді, бір айта

кететін жай, сол іс-әрекеттердің үлгілік бағдарлама талаптарына сай жүргізілуі. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ойын түрінде өткізу, инновациялық технологиялар қолдануды жүзеге асыру. Іс-әрекеттердің циклограммаға сәйкес, уақытына, мақсатына сай ұйымдастырылуына көңіл бөлу қажет. Серуен кезіндегі бақылау әрекетіне қажетті құралдарды алып шығу, қимылды ойындарға қажетті көрнекіліктерді қолдану.

9. «Акция, акция, акция!» - әдіскер Ы.Есимғалиева

Акция - бұл балалармен жұмыс істеудің әртүрлі әдістерін қамтитын күрделі іс-шара.

1.«Жасылдар» тобына тапсырма: **«Суды үнемдейік!» акциясының** жоспарын құру.

2.«Қызылдар» тобына тапсырма: **«Орманды және оның тұрғындарын өрттен қорға!» акциясының** жоспарын құру – тапсырманы орындауға 3 минут уақыт беріледі.

10. «Мен суретшімін»

1. «Жасылдар» тобына тапсырма: Су туралы экологиялық плакат құрастыру
Тақырыбы: **«Су – тіршілік нәрі.**

Оған қамқор бол!»



2. «Қызылдар» тобына тапсырма:



Орман туралы плакат құрастыру

Тақырыбы: **«Орман – тіршілік көзі. Оған қамқорлық жаса!»**

Ойынды қорытындылау- топтардың капитандары жұмыстарын қорғайды.

11. Топ тәрбиешілері **«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»** бойынша ойын түрлерінен көрме ұйымдастырып, ойындарды таныстырды.

12.Ағымдағы мәселелер

- Алдағы аттестацияға дайындық жағдайы;
- Топтардағы дамытушы орталар;
- Себепсіз балабақшадан қалмау.

Құрметті әріптестер, бүгінгі педагогикалық кеңесімізді қорытындылайық.

Олай болса мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім мен мәдениет қалыптастыру мақсатында мен оқыған пункттер бойынша оң нәтижеге қол жеткізсеңіздер - жасыл гүлді, егер де әлі де жұмыс жүргізу керек деп ойласаңыздар - қызыл түсті гүлді үстелге қоясыздар.

- * Топ балалары құстардың табиғаттағы пайдасын біледі.
- *Сіз балаларға барлық тірі заттардың бір-бірімен байланысын дәлелдедіңіз, олар зиянды тіршілік иелерінің жоқ екенін біледі.
- *Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой белсенділігін дамыта отырып, табиғаттағы тірі заттарды бақылау, сіздің тарапыңыздан үнемі жүргізіледі.
- * Табиғат объектілерін бақылауды, сіз сурет салумен, сөйлеуді дамытумен, құрастыру іс-әрекеттерімен кіріктіріп өткізесіз.
- *Балалар табиғат бұрышындағы гүлдерге қамқорлық жасайды.
- *Топтың ойын алаңында құстарға жемсалғыштар ілінген.
- * Сіз жазда балалармен бірлесе отырып құстарға азықтар жинадыңыз.
- * Топтың ойын алаңында құстардың ұялары бар.
- *Балалар жәндіктердің пайдасы туралы біледі. Оларға қамқорлақ жасайды.
- * Топтың кітап бұрышында табиғат жайлы кітаптар бар.
- * Балалар барлық тіршілік иелеріне қамқорлық тақырыбында тақпақтар біледі.
- *Топта ата-аналар үшін экологиялық білім беру бойынша кеңестер, көрнекіліктер бар.
- Мен Сіздердің үстелдеріңізде жасыл түсті гүлдердің басым болуына өте қуаныштымын ... Себебі бұл Сіздердің жұмыстарыңыздағы оң нәтижелер! Барлықтарыңызға алғысымды білдіремін.

Педкеңес шешімі:

- «Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығын ескеріп, дамыту жолдарын қарастыру»;
(Жауапты: топ тәрбиешілері, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)
- «Театрландырылған іс-шаралар арқылы балаларға экологиялық тәрбие беру жұмысын жандандыру»;
(Жауапты: қазақ тілі мұғалімі, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)
- Балалардың бағдарламаны меңгеру мониторингі нәтижелерін көтеру;
(Жауапты: педагогтар, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)
- Күні бойғы әрекет барысының өтілуінде күн тәртібін қатаң сақтау.
(Жауапты: топ тәрбиешілері, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)

Келесі педкеңеске тапсырма: Көрме «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бойынша ойын түрлері – топ тәрбиешілері

Педкеңес төрайымы:

менгеруші Г.Хамидуллина

Хатшы:

Ж.Мендигазијева

№ 4 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Ұлттық тәрбие – Адал азамат»

Өтілу түрі: «Педагогикалық идеялар аукционы»

Өткізілген уақыты: 25.03.2026ж

Қатысқандар: 6

Қатыспаған педагогтер: 0

Мақсаты: балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу, мемлекеттік тілді үйренуге ұмтылуын; ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білімдерін қалыптастыру.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

1. №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындардың бала дамуындағы маңызы
3. Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеу
4. «Кітап жансыз – бірақ шынайы дос» ойын-тренинг
5. Тақырыптық бақылау: Мектепке дейінгі ұйымдарда бала бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру
6. Көрме «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бойынша ойын түрлері
7. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

- 1) №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы – бөбекжай меңгерушісі

Г.Хамидуллина

Жасыл планета: балабақша балаларына экологиялық тәрбие беру арқылы табиғатты қорғауға инновациялық технологияларды қолдана отырып қадам жасау бағыты бойынша, балалармен бірге «Жасыл бұрыш», «Тазалық күні», «Табиғат - біздің ортақ үйіміз» жобалары, ұзақ мерзімді бақылаулар мен тәжірибелер, мысалы, тұқым отырғызу, өсу кезеңдерін зерттеу жұмыстары ұйымдастырылды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығын ескеріп, дамыту жолдарын қарастыру бойынша, Эко-орталық моделі: балабақша ішінде «экокабинет», «жасыл бұрыш» жұмыстары жаңартылып, балабақша ауласында жаңадан өзге формада «Жылыжай» жасақталды. Балалар мен ата-аналар тәрбиешілер бірігіп, іште тұқымнан бастап өсіріп, оны жылыжайға көшіріп, балалар табиғатпен нақты әрі жүйелі әрекетке түсетін орта пайда болды.

Театрландырылған іс-шаралар арқылы балаларға экологиялық тәрбие беру жұмысын жандандыру бағытында «Түстер әлемі», «Көңілді жемістер» атты сахналық қойылымдар ұйымдастырылды.

- 2) Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындардың бала дамуындағы маңызы - әдіскер Ы.Есимғалиева

Қазақ халқының ұлттық ойындары — ұлт мәдениетінің бай қазынасы, халық педагогикасының құрамдас бөлігі. Ойын — баланың ең басты іс-әрекеті, оның дүниетанымын қалыптастыратын құрал. Мектепке дейінгі кезеңде ұлттық ойындарды пайдалану балалардың ойлау қабілетін, тілі мен қимыл-қозғалысын дамыта отырып, олардың ұлттық болмысқа сай тәрбиеленуіне мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындарды сабақ үдерісіне кіріктірудің бірнеше тиімді жолдары бар.

1. Білім беру дағдылары бойынша пайдалану:

- Танымдық дағдыларын дамыту – сан үйрету, пішіндер мен түстерді ажыратуда.
- Коммуникативтік дағдыларын дамыту – сөйлеу, тыңдау, диалогтық қарым-қатынасты дамытуда.
- Физикалық қасиеттерді дамыту – қимыл белсенділігін арттыруда.
- Шығармашылық дағдыларын дамыту – көріністер, би және музыка, бейнелеу өнері.

2. Ойын арқылы оқыту:

Ұлттық ойындар баланы шаршатпай, үйрету мен тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Мысалы, «Бестемше» ойынын қолдану арқылы баланың санау, салыстыру, топтау дағдылары дамиды. Ал «Асық ату» ойыны балалардың қол қимылын жетілдіреді, көз мөлшерін, дәлдігін арттырады.

3) Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеу – тәрбиеші Ж.Мендигазиева

Қазақстандағы мектепке дейінгі білім берудің заманауи жүйесі белсенді даму және қайта қарау кезеңінде тұр, онда ұлттық құндылықтар негізінде баланың жеке басын қалыптастыру ерекше маңызға ие болады.

Бұл бағыттағы маңызды қадам жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпаққа білім беру сапасын арттыруға бағытталған «Біртұтас тәрбие» бірыңғай білім беру бағдарламасының қабылдануы болды. Бұл бағдарлама балалардың бойында еңбексүйгіштік, адалдық, жауапкершілік, отансүйгіштік, үлкенді сыйлау және кіші балаларға қамқорлық сияқты қасиеттерді дамытуға кешенді көзқарасты көздейді, бұл әсіресе мектепке дейінгі білім беру жағдайында өзекті болып табылады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде аға ұрпақтың бай өмірлік тәжірибесін мектепке дейінгі білім беру жүйесіне кіріктіруге бағытталған «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» инновациялық жобаларымен жұмыстанудамыз. Жоба дәстүрлі қолөнер бойынша шеберлік сабақтары, халықтық салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, балаларға халық ойындары мен әндерін үйрету арқылы аналар мен әжелердің оқу үдерісіне үнемі қатысуын көздейді.

4) «Кітап жансыз – бірақ шынайы дос» ойын-тренинг: Д.Төлеген

Бұл, француз жазушысы, ақын, драматург Виктор Мари Гюгонің айтқаны екен. Ғалымдар кітаптың адамға пайдасын 7-і сатымен көрсеткен екен:

1 - Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі;

2 - Кітап оқу – жадыны және ойлауды дамытады. Яғни, көп оқыған адам ады мықты, тез ойлап, тез қорыта алады;

3 - Кітап оқу – талдауға, сараптауға, өзіндік жүйелі пікір қалыптастыруға үйретеді;

4 - Кітап оқу – көптеген табыс пен жетістіктің ең басты негізі;

5 - Кітап оқу – адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады;

6 - Кітап оқу – сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады;

7 - Кітап оқу – адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады.

«Барабан» әдісі арқылы, шеңбер ішіне санамақтар, тиым сөздер, жаңылтпаш, мақал-мәтел, ертегілер, әңгімелер, тіл ұстарту жаттығулары, сөздік ойындар, өтірік өлеңдер деп жазылған. Шеңберді айналдырып, қайсына барып тоқтаса, сол бағытта жұмыс жүргізіледі.

5) Тақырыптық бақылау: Мектепке дейінгі ұйымдарда бала бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру – әдіскер Ү.Есимғалиева

Мектепке дейінгі кезең — бала дамуының алғашқы баспалдағы. Бұл кезеңде баланың ой-өрісі, тәрбиесі қалыптасады. Балабақшадағы тәрбие - бала табиғатына ерекше әсер етеді. Балаларға берілетін ұлттық тәрбие – барлық тәрбиенің бастауы. Халықтық тәлім-тәрбие – бұл ұлттық мәдениеттің бір бөлігі. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан халқымыздың игі салт-дәстүрлері, халық ауыз әдебиеті, жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастырады.

Балабақшамызда барлық тәрбиелеу мен оқыту үрдістері мемлекеттік стандарт талаптарына сай жүргізіледі. Қазақ этнопедагогикасының қазақ балалар фольклоры: салт-дәстүрлер, ұлттық өнер, халық ауыз әдебиеті, ұлттық ойындар, ұйымдастырылған іс-әрекетінде жиі қолданылып отырады. (тақырыптық бақылау анықтамасы қоса тіркелді)

6. Көрме «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бойынша ойын түрлері – топ тәрбиешілері ойындарын таныстырып, тәжірибелерімен бөлісті.



Ортаңғы топ балаларына арналған дидактикалық ойын.

Тақырыбы: «Төлін тап»

Мақсаты: Ойын арқылы балалардың танымдық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту, үй жануарлары мен төлдерін танып, атауға үйрету.

Кіші топ Д/ойын: «Менің отбасым»

Мақсаты: Балалардың отбасы мүшелері туралы білімдерін кеңейту, отбасы мүшелерін дұрыс атап, олардың арасындағы туыстық қатынастарды түсінуге үйрету. Сөйлеу тілін, есте сақтау қабілетін және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.





Д/ойын: «Немен қоректенеді ?»

Мақсаты: Балалардың жануарлардың қоректену ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру, жануарларды өз қорегімен дұрыс сәйкестендіруге үйрету. Логикалық ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін және сөздік қорын дамыту. Табиғатқа және жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Педкеңес шешімі:

1. Ұлттық ойындарды баланың жас ерекшелігін, ойынның мазмұны мен тәрбиелік мақсаттарын ескеріп ұйымдастыру.
(Жауапты: барлық педагогтар, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)
2. Баланың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін отбасымен ықпалдастықты күшейту.
(Жауапты: қазақ тілі мұғалімдері, тәрбиешілер, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)
3. Ойынның табысты болуының шешуші шартын сақтау - ұлттық ойындарды оқыту процесіне сәйкес таңдап алу, оларды дұрыс өткізу мен ұйымдастыру.
(Жауапты: барлық педагогтар, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)
4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың моделіне сай, ұлттық құндылықтарды балаларды ерте жастан толыққанды дамытудың заманауи теорияларымен үйлестіруге бағыттау.
(Жауапты: әдіскерлер, барлық педагогтар, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)

Келесі педкеңеске тапсырма: Көрме «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша ойын түрлері – топ тәрбиешілері

Педкеңес төрайымы:
Хатшы:

меңгеруші Г.Хамидуллина
Ж.Мендигазиева

№ 5 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: 2025-2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау.

Өтілу түрі: Дөңгелек үстел.

Өткізілген уақыты: 28.05.2026ж

Қатысқандар: 6

Қатыспаған педагогтер: түгел қатысты

Мақсаты: балалардың негізгі әрекеті – ойын арқылы шығармашылық қабілеттерін, әлеуметтік, когнитивтік, коммуникативтік дағдыларын дамытуда тәжірибе алмасуды жалғастыру.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға ерте кәсіптік бағдар беру мәселесі
3. МЖД балаларды тәрбиелеуде сюжетті-рөлдік ойындардың маңызы
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағдыларын тәжірибелік-зерттеу әрекеті арқылы қалыптастыру
5. «Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі»
6. МДҰ педагогтары арасында рейтинг шығару, марапаттау.
7. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту.
10. Мемлекеттік аттестация құжаттарының жағдайы, жаңа ережеге сай түзетулер енгізу.

Тыңдалды:

- 1) №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы – меңгеруші
Г.Хамидуллина

Педагогтарымыз қазақтың ұлттық ойындарын, тарихи-мәдени тәжірибені баланың қолжетімді әрекетіне айналдыра отырып, қимыл-қозғалыс, тілдік байланыс, эмоциялық өзара әрекет пен әлеуметтік нормаларды бір мезетте ұштастыра жүзеге асыруда. МЖМБС мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жан-жақты дамуын (дене, тілдік, танымдық, әлеуметтік-коммуникативтік) қамтамасыз етуді талап етеді; бұл мазмұн ұлттық құндылықтармен қанық орта құру арқылы жүзеге асуы тиіс. Сонымен қатар, ойындарды жас тобы мен мақсатқа сай жіктеу, ережелі ойындардың ретін сақтау, қауіпсіздік пен санитарлық-гигиеналық нормаларды орындауды естен шығармауымыз қажет. Педагогтарымыз оқу-тәрбие процесінде кіріктірудің мынадай логикасын тиімді үйлестіруде: таңертеңгі қабылдауда қысқа ережелі ойындар арқылы (мысалы, «Сақа тастауға» ұқсас ұсақ моторика элементтері) балаларды жұмылдыру; ұйымдастырылған оқу қызметінде тіл дамыту, математика элементтерімен байланыстырылған ұлттық ойын мотивтерін қолдану (санақ, кеңістікте бағдар, түстер мен пішіндер); серуенде қимылды түрлер (арқан тартыс, асықпен дәлдікке лақтыру) арқылы төзімділік пен командалық

әрекетті бекіту; күн соңында рефлексиялық әңгімеде ойын барысын сөзбен қалпына келтіру, үлес қосқан әрекеттерді атау жұмыс түрлерін қолданады.

2) Мектеп жасына дейінгі балаларға ерте кәсіптік бағдар беру мәселесі – Г.Хамидуллина

Балалардың ерте кәсіптік бағдарлануы ақпараттық, консультациялық сипатта болады. Ойын әрекеті мектеп жасына дейінгі балалар үшін жетекші болып табылады. Ойнау кезінде балалар көбінесе ересектерге еліктейді: олар әдетте кәсіпте ойнайды. Тобымызда ерте кәсіптік бағдар беруге байланысты құрылған заттық - дамыту ортасы бар. Бұл орталар жеке тұлғаның үздіксіз дамуына негізделуі керек. Қол жетімділік принципі - баланың жұмыс істейтін барлық материалдары оған қол жетімді болуы. Ғылым принципі. Мектеп жасына дейінгі бала туындаған сұрақтарға сенімді жауаптар алады. Ашықтық принципі. Бала кез-келген іс-шараға өз қалауы бойынша қатысады. Диалогтық принципі. Бала кез-келген еңбек міндетін орындау кезінде белсенділік пен қарым-қатынасты көрсетеді. Көрнекілік принципі әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен балалардың қоршаған әлемді қабылдауын ұйымдастыруға оңтайлы жағдай жасауды қамтиды. Білім берудің өмірмен байланыс принципі, қазіргі заманғы кәсіптер әлемін, оның технологиялануын, сондай-ақ болашақ мамандықтарға бағдарлануын көрсететін ұғымдар мен терминдердің (сөздердің) дәлдігін білдіреді. Рефлексивтілік принципі. Бала әлеуметтік ортада зейінді көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ерте кәсіптік бағдарлау бойынша жұмыс формалары:

- экскурсиялар, мақсатты серуендер кезінде бақылаулар, қызықты адамдармен кездесулер;
- тәрбиешілер мен ата-аналардың әңгімелері;
- ҰІӨ;
- ойындар, мерекелер және ойын-сауық;
- балалардың өзіндік қызметі.
- көркем әдебиетті оқу;
- сюжетті-рөлдік ойындар;
- фотокөрмелер, балалардың репро-дукциялары мен жұмыстарының көрмелері;
- тақырыптық сабақтар.

3) Мжд балаларды тәрбиелеуде сюжетті-рөлдік ойындардың маңызы – Ж.Мендигаева

Ойын әрекетінің қызықты болуын қамтамасыз ететін, баланың танымдық қызығушылығын дамытатын басты нәрсе: әрекет, қарым-қатынас. Міне, осы жағдайларды ескере отырып, ойын түрлері төмендегідей жүйеленеді: Сюжетті-рөлдік ойын: отбасы, балабақша, мектеп, аурухана, ұшқыштар, мал фермасы, құрылысшылар, мұнайшылар, темір жол, теңізшілер. Сюжетті-рөлдік ойындар – бұл мектеп жасына дейінгі балалармен кеңінен қолданылатын ойын түрі, онда балалар белгілі бір сюжетке сәйкес рөлдерді ойнап, түрлі кейіпкерлердің әрекеттерін бейнелейді. Бұл ойындар балалардың қиялын, шығармашылық қабілеттерін, әлеуметтік-эмоционалды және коммуникативтік дағдыларын

дамытуға бағытталады.

Ересек топтағы балалар үшін сюжетті-рөлдік ойындар олардың әлеуметтік-эмоционалдық және когнитивтік дағдыларының дамуына бағытталады.

1. «Қалалық қызметтер» ойыны. Балалар «полиция қызметкері», «өрт сөндіруші», «дәрігер», «жүргізуші» рөлдерін ойнайды. Бұл ойын балаларға әртүрлі мамандықтар туралы түсінік беріп, жауапкершілік сезімін және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

2. «Мейрамхана» ойыны. Балалар «аспаз», «даяшы», «қонақ» рөлдерін ойнайды. Олар тағам дайындап, қызмет көрсетеді, тапсырыстар қабылдайды. Осы сияқты «Ғарышкер», «Аурухана», «Театр», «Саяхат» т.б. сияқты ересек топтағы балаларға арналған сюжетті-рөлдік ойындар олардың жан-жақты дамуына, түрлі өмірлік дағдыларды меңгеруге және болашақта қажетті әлеуметтік қабілеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

4) Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағдыларын тәжірибелік-зерттеу әрекеті арқылы қалыптастыру – Д.Төлеген

Мектеп дейінгі жастағы балалар негізінен зерттеуші болып келеді. Оларға эксперимент жасауға талпыныс, оған құштарлық және мәселелі жағдаяттарды өз бетінше шешуге ықылас таныту тән қасиет. Ерте жастан бастап баланың табиғи қажеттілігін қолдана отырып, оны қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттарға көңіл аударып, ерекше тапсырмалар мен материалдарға қызықтыру, белгісіз жағдайды танып-білуге талпынысын ынталандыру, оның құпиясын ашуда қуаныш сезімін ояту керек. Біздің топтың тәжірибелік алаң бойынша жоба тақырыбы: «Зерттеу әлемінің қызықтары». Жоба жұмысы кезінде балалардың өзінің таңдауына ерік беру және тәжірибеден қорытынды жасап, өз-өздерін бағалауы оң нәтиже берді. Зертханада балаларға микроскоптар алынып, зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Зертханалық жұмыстарда тәрбиеленушілер микроскоппен тастарды, өсімдіктерді, түрлі жәндіктерді қарап, олардың құрылысын, түр-түсін зерттеп біле бастады. Балалардың сөздік қорлары байып, сөйлеу тілі дамыды. Жалпы алғанда балалардың өзі көріп, сезіп, өздері бағалауы өте тиімді болады деп ойлаймын. Балалардың бойындағы жаңалыққа деген құмарлығы, қоршаған ортаны тануға мүмкіндік береді. Ал, жаңаны тану қоршаған ортадағы балалар үшін ерекше құбылыстарды зерттеу, тәжірибенің шынайы өтуіне негіз болады.


5) Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі – әдіскер Ы.Есимғалиева

**Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша қорытынды
даму мониторингінің нәтижелері**

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында анықталған балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін айқындау

Зерттелді: 44 бала, 3 топ

Уақыты: мамыр айы 2026 жыл



Мониторингтің салыстырмалы талдауы тәрбиеленушілердің 5 құзыреттілік дағдылары бойынша оң динамикасы анықталды.

Мониторинг қорытындысы бойынша, педагогикалық әрекеттерді ұйымдастыруда, ерекше көңіл бөлуді қажет ететін маңызды мәселелер:

Кіші және Ортаңғы топтарда:

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша –

- әр түрлі таным тәсілдері арқылы қоршаған әлемге деген қызығушылығын арттыру, зерттеу үдерісі барысында танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша –

- Балалармен оқып-талдайтын әдеби шығармаларды іріктеп алып, көркем шығармаларға деген қызығушылықтарын дамыту;
- Көркем тілге, мәтіннің мәнеріне мән беруін қадағалау, шағын шығармаларды сахналау арқылы тілдік қорын байытып, сөйлеу қабілетін дамыту.

Ересек топтарында:

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша —

- білімді өз бетінше меңгеруге тырысу, қажетті ақпаратты іздеуде, оны үлкендермен және құрбы-құрдастарымен алмасуда, сонымен бірге түрлі өмірлік және мәселелі жағдаяттарды шешуде қолданатын қарапайым іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру және дамыту, яғни ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша –

- сөздің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеп, тілдің грамматикалық құрылысын қалыптастыру;
- сөздік қорын байыту, байланыстыра сөйлеуін дамыту және белсендіру.

Балалардың ақыл-ойының және ауызша сөйлеуінің дамуына көбірек көңіл бөлу қажет, баланы ойлауға, сөйлеуге үйрету, оларға өз шешімдерін ойластырып алуға уақыт беру қажет.

Бөбекжай оқу-тәрбие әрекеті мемлекеттік стандартқа сай ұйымдастырылады.

Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыруда әрбір жастық кезеңінде балалардың 5 құзыреттілік бойынша даму деңгейін қадағалау

мониторингі, тәрбиеленушілердің өз жас ерекшеліктеріне сәйкес бағдарламаны меңгергендігін көрсетті.

МдҰ педагогтары арасында рейтинг шығару, марапаттау – меңгеруші Г.Хамидуллина

Жыл қорытындысы бойынша тәрбиеші Ж.Мендигазиева – Қалалық байқауларға қатысып тәрбиеленушілері түрлі марапаттарға ие болып отырды.

9) Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту – әдіскер Ы.Есимғалиева

ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен (2026 жылғы 13 мамырдағы №5 хаттамасы) әзірленген Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарымен таныстырылды.

Ол құжат:

- түсіндірме жазба;
- нормативтік құқықтық қамтамасыз еті;
- Жазғы сауықтыру кезеңінде құзыреттіліктер бойынша жүргізілетін жұмыстың бағыттары;
- Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушыларға қойылатын талаптар;
- Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру кезеңдері;
- Жазғы сауықтыру шараларының түрлері;
- Жазғы сауықтыру кезеңіндегі күн тәртібінің үлгісі;
- Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарының үлгісі;
- «Қош келдің, жарқын жаз!» бөбек жасындағы балаларға арналған жазғы-сауықтыру кезеңіне перспективалық жоспардың үлгісі;
- «Алақай, жайдарлы жаз келді» мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспарының үлгісінен тұрады.

Осы құжатқа сүйене отырып жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырамыз.

10) Мемлекеттік аттестацияға дайындық – меңгеруші Г.Хамидуллина
Аттестация құжаттарын дайындап қойғанымыз бәріңізге мәлім, енді жаңа ереже шығуына байланысты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 114-НҚ бұйрығы) сол құжаттарымызға түзетулер мен толықтырулар енгізуіміз қажет.

Педкеңес шешімі:

1. Балаларды құрылған заттық - дамыту ортасы арқылы ойын, ақпараттық, консультациялық сипатта ерте кәсіптік бағдар беру.

(Жауапты: топ тәрбиешілері, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы, тамыз)

2. Сюжетті-рөлдік ойындар арқылы балалардың қиялын, шығармашылық қабілеттерін, әлеуметтік-эмоционалды және коммуникативтік дағдыларын дамыту.

(Жауапты: топ тәрбиешілері, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағдыларын тәжірибелік-зерттеу әрекеті арқылы қалыптастыру.

(Жауапты: топ тәрбиешілері, мерзімі: 2025-2026 оқу жылы)

4. Балалардың біліктері мен дағдыларын қалыптастыруда әрбір жастық кезеңінде балалардың 5 құзыреттілік бойынша даму деңгейін қадағалау мониторингі, тәрбиеленушілердің өз жас ерекшеліктеріне сәйкес бағдарламаны меңгергендігін көрсетті.

5. Бекітілген жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен жұмыстану.
(Жауапты: меңгеруші, әдіскерлер, барлық педагогтар, мерзімі: маусым, шілде, тамыз айлары)

9. Мемлекеттік аттестация құжаттарын уақытымен дайындап, сайтқа орналастыру.

(жауапты: меңгеруші, әдіскерлер, маусым айы)

Педкеңес төрайымы:

Хатшы:

меңгеруші Г.Хамидуллина

Ж.Мендигашиева

№ 1 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: **«Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»**

Өтілу түрі: аналитикалық жоспарлау

Өткізілген уақыты: 27.08.2024ж

Күн тәртібі:

- 1.Тренинг: «Педагогтарды көтеріңкі көңіл күймен қарсылау» - психолог Мурадымова А.К.
2. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы
4. Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну
5. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру
6. Тәжірибе алмасу: **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша «Құндылықтарды қалыптастыру тәрбие мен оқу әрекетінде».**
7. Ағымдағы мәселелер:
 - Оқу жұмыс жоспары, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жоспары, тәжірибелік алаң бойынша жоспар, жобаларды және педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту;
 - Тәжірибелік алаң бойынша топ тақырыптары;
 - Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі;
 - Топ балалар тізімдері;

Тыңдалды:

I. **«Педагогтарды көтеріңкі көңіл күймен қарсылау»** - психолог Мурадымова А.К. педагогтармен тренинг ұйымдастырды.

Меңгеруші Г.А. Хамидуллина тізіммен таныстырып, педагогикалық кеңес құрамын қайта бекітіп, хатшы сайланды (кеңес құрамы қосымша тіркелді)

II. **Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы** (видео-шоу) – меңгеруші Г.А. Хамидуллина

№5 педагогикалық кеңесте жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының қаралып, бекітілді. Жазғы кезеңге күн тәртібін, ҰІӨ-нің кестелері бекітіліп, жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыру ұйымдастырылды.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау; - тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы;

күн режимі;

белгіленген іс-шаралардың өткізілуі;

құжаттарды жүргізу;

алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы;

қауіпсіздік ережелерінің сақталуы басты назарда болды.

III. Әдіскер Ы.С. Есимғалиева «Бөбекжайдың тәрбие мен оқыту жұмысының жаңа оқу жылына арналған жоспарын таныстырды, жоспар талқыланып, бекітілді.

IV. Әдіскер Ы.С. Есимғалиева 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттама) ұсынылады.

Бұл Әдістемелік нұсқау хат Сіздерге алдағы оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы ұйымдастыруда әдістемелік қолдау көрсетеді.

2024-2025 оқу жылында ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат қолданыстағы заңнама нормаларын сақтау, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын), Үлгілік оқу жоспарларын, Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруға бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру мақсатында әзірленді.

Әдістемелік нұсқау хатта:

- тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қолдану (сілтемелер);
- тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру;
- балаларға қазақ тілін үйрету;
- вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;
- экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;
- мерекелік шараларды ұйымдастыру;
- мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру;
- ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған, - дей келіп, барлық бөлімдеріне жеке тоқталып, түсінік беріп өтті.

Әр педагогқа жеке, мұқият танысуын және үстелінде Әдістемелік нұсқаулықтың болуын ескертті.

V. Ағымдағы мәселелер:

- Оқу жұмыс жоспары, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жоспары, тәжірибелік алаң бойынша жоспар, жобаларды және педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту;

- Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасын мектепке дейінгі ұйымның педагогтері: тәрбиеші, қазақ тілі мұғалімі, педагог-психолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, хореограф, арнайы педагогтер, әр қайсысы өзі жазып, дайындайтын болып келісілді;

- Тәжірибелік алаң бойынша топ тақырыптары;

- Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі;

-Топ балалар тізімдері;

Педагогикалық кеңес шешімі:

1.Жазғы сауықтыру жұмыстары қорытындысына «қанағаттанарлық» деген баға берілсін. (Жауапты: кеңес мүшелері, мерзімі: 27.08.2024ж)

2.Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сай толыққанды жұмыстану. (Жауапты: меңгеруші, әдіскерлер, педагогтар, мерзімі: 2024-2025 оқу жылы)

3. Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасын мектепке дейінгі ұйымның педагогтері: тәрбиеші, қазақ тілі мұғалімі, педагог-психолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, арнайы педагогтер, әр қайсысы өзі жазып, дайындайды. (Жауапты: әдіскер, педагогтар, мерзімі: 2024-2025 оқу жылы әр аптаның жұма күні)

4. 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа алу. (Жауапты: әдіскерлер, мерзімі: 2024-2025 оқу жылы)

5.«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жоспарға сай жүзеге асыру.

Келесі педкеңеске тапсырма: «Модельдеу жұмысының тиімділігі» буклет дайындау; Әдіскерлер, тәрбиешілер.

Педкеңес төрайымы:

Хатшы:

меңгеруші Г.А. Хамидуллина

Д.И. Төлеген

№ 2 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: **«Көрнекі модельдеу-мектеп жасына дейінгі баланың үйлесімді сөйлеуін дамыту құралы»**

Өтілу түрі: Іскерлік ойын

Өткізілген уақыты: 28.11.2024ж

Күн тәртібі:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы – меңгеруші Хамидуллина Г.А.
2. «Мнемотехника әдісі» шебер-сынып – қазақ тілі мұғалімі Төлеген Д.И.
3. Тақырыптық бақылау: «Педагогтардың кәсіби біліктіліктерін дамыту жолдары» - әдіскер Есимғалиева Ы.С.
4. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы бөбекжай меңгерушісі Хамидуллина Г.А. айтып өтті.
Бөбекжай 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сай толыққанды жұмыстануда.
2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа алу.
2024-2025 оқу жылының негізгі ерекшеліктеріне тоқталып өтті: Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне, білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде жұмыстың мынадай бағыттары өзектендірілді:

- МДҰ-да балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;
- балалармен, ата-аналармен және айналасындағылармен қарым-қатынас жасауда педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтау, зорлық-зомбылықтың, буллингтің және балалардың құқықтарын бұзудың кез келген түрін болдырмау;
- Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің жаңартылған қағидаларына 3 сәйкес МДҰ-ға кезектілік пен жолдама беруді есепке алудың Бірыңғай базасы арқылы мемлекеттік қызметтерді іске асыру;
- отбасы мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін білім беру ұйымдарында консультациялық пункттердің қызметін кеңейту;
- өңірлік ерекшеліктер мен климаттық өзгерістерді ескере отырып, экологиялық білім беру сапасымен тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін арттыру;

- ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру;
- МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» әлеуметтік институтын дамыту;
- МДҰ қызметінің басым бағытын айқындау, Даму бағдарламасын әзірлеу;
- МДҰ-ның сапаны бағалау өлшемшарттарына сәйкестігін 50% – ға дейін ұлғайту;
- жаңа жүйе бойынша МДҰ педагогтерін аттестаттаудан өткізу;
- тәрбиеленушілердің білім алудағы жетістіктері негізінде педагогтің қызметін бағалау;
- «Ұстаз Ұлттық платформасы» арқылы «Педагог бейіні» цифрлық модулінде кәсіби қызметтің нәтижелерін жинақтау;
- «жоғары», «бірінші», «екінші» біліктілік санаты бар педагогтер 2024 жылдың соңына дейін жаңа жүйе бойынша аттестаттаудан міндетті түрде өтуі;
- тәрбиелеу-білім беру процесіне енгізу үшін МДҰ педагогтерінің озық тәжірибесінің электрондық Банкін қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі – Институт) сайтында 4 виртуалды әдістемелік кабинет арқылы педагогтер практикасын және ата-аналарды қолдау;

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша 2024-2025 оқу жылына жоспар құрылып, сол жоспарға сай ай сайын өткізілетін шаралар ұйымдастырылуда, оны өздеріңізде көріп отырсыздыр. Топтарда ұлттық тәрбие бағытында дамытушы орталар жасақталды, ұлттық бағытта шаралар ұйымдастырылып, бөбекжайымызда «Аналар мектебі», «Әкелер клубы», «Әжелер жиыны» құрылып, жұмыстар жүргізілуде.

2. «Мнемотехника әдісі» бойынша қазақ тілі мұғалімі Төлеген Д.И. шебер-сыныбын ұйымдастырды. Мақсаты:
Мнемотехниканы қолдану нұсқалары арқылы балалардың ой-өрісін дамытуға, қиялын шарықтауға, тіл байлығын молайтуға, адамгершілікке, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу.

3. Тақырыптық бақылау: «Педагогтардың кәсіби біліктіліктерін дамыту жолдары» - әдіскер Есимғалиева Ү.С.

Оқыту семинарлары педагогтардың біліктілігін арттырудың ең нәтижелі түрі болып табылады: оларда негізгі назар олардың теориялық және практикалық дайындығын арттыруға бөлінеді. Оқыту семинарларын ұйымдастырудың қажетті шарты барлық педагогтардың барынша қатысуы болуы тиіс. Оларға алдын ала тапсырмалар ұсынылады, олар әрқайсысына педагогикалық қабілеттерді, педагогикалық ойлауды, коммуникативтік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Бүгін балабақшада әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың жаңа тәсілдері қажет. Ең алдымен, тәрбиешілердің белсенділігі мен бастамаларын арттыру

үшін, олардың шығармашылық ізденістерін ояту және көтермелеу үшін жағдай жасау керек. Аға тәрбиешінің педагогикалық сауатты жұмысының негізі тәрбиешілердің біліктілігін арттыру жүйесі болуы тиіс, оның әдіснамалық негізі тұлғалық өсу мен дамудың шарты ретінде үздіксіз білім берудің қазіргі заманғы тұжырымдамасы болып табылады.

4. Ағымдағы мәселелер: төлемақыны уақытында төлеу, арыздарды тапсыру, циклограмманы әр жұма күні бекітіру.

Кеңес шешімі:

1. Жұмыс барысында көрнекі модельдеу әдісін қолдану арқылы балаларды ақпаратты табуға, зерттеу жасауға, салыстыруға, іштей ойлап тапқан қызметтің ішкі жоспарын құруға, өз ойын қалыптастыруға үйрету. (Жауапты: әдіскер, топ тәрбиешілері, мерзімі: 2024-2025 оқу жылы)
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда заманауи әдістер мен тәсілдерді, ғылыми-негізделген жолдарды қолдану. (Жауапты: қазақ тілі мұғалімдері, топ тәрбиешілері, мерзімі: 2024-2025 оқу жылы)
3. Өзара тәжірибе алмасу арқылы білім процесінде жаңа жетістіктерге жету. (Жауапты: әдіскерлер, мерзімі: 2024-2025 оқу жылы)
4. Біліктілікті арттырудың түрлі нысандары арқылы педагогтардың кәсіби шығармашылығын дамыту. (Жауапты: әдіскерлер, мерзімі: 2024-2025 оқу жылы)

Кеңес төрайымы:

Хамидуллина Г.А.

Хатшы:

Төлеген Д.И.

Тақырыбы: **Экологиялық білім беру**

Өтілу түрі: Шығармашылық қобдиша

Өткізілген уақыты: 30.01.2025ж

Күн тәртібі:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы – меңгеруші

Г.А. Хамидуллина

2. Жан-жақты тексеру: Күні бойғы әрекет барысының өтілуін тексеру - әдіскер Ы.С. Есимғалиева

3. «Тәрбиеленушілердің әлеуметтік дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын» (шығармашылық есеп беру) – М.А. Кутушева

4. Жедел бақылау: «Өзіндік білім жетілдіру бойынша педагогтер жұмысының деңгейі» - меңгеруші Г.А. Хамидуллина

5. Көкейтесті мәселелер.

Келесі педкеңеске тапсырма: «Эстетикаға бай партфолио» көрмесі

Тыңдалды:

1) №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы бөбекжай меңгерушісі Хамидуллина Г.А. айтып өтті.

Жұмыс барысында көрнекі модельдеу әдісін қолдану арқылы балаларды ақпаратты табуға, зерттеу жасауға, салыстыруға, іштей ойлап тапқан қызметтің ішкі жоспарын құруға, өз ойын қалыптастыруға үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыста көрнекі модельдеу әдісін қолданудың өзектілігі мынада:

- біріншіден, мектеп жасына дейінгі бала өте икемді болады, бірақ балалардың тез шаршауы және сабаққа деген қызығушылығының жоғалуы жиі кездеседі. Көрнекі модельдеуді қолдану қызығушылық тудырады және бұл мәселені шешуге көмектеседі;

- екіншіден, символдық ұқсастықты қолдану материалды есте сақтау мен меңгеру үдерісін жеңілдетеді және жеделдетеді, жадымен жұмыс істеу тәсілдерін қалыптастырады.

- үшіншіден, графикалық ұқсастықты қолдана отырып, біз балаларды ең бастысын көруге, алған білімдерін жүйелеуге үйретеміз.

Сондықтанда, мектеп жасына дейінгі балалармен біртұтас сөйлеуді және шығармашылық баяндауды дамыту үшін модельдік сызбалармен жұмыс әр түрін қолданып және нәтижеге жетеміз.

Біртұтас сипаттамалық сөйлеуді оқыту процесінде, біртұтас монологтық тұжырымның барлық түрлері бойынша жұмыста: қайталау; суреттер мен суреттер топтамасынан әңгімелер құрастыруда; сипаттамалық әңгімеде; шығармашылық әңгіме, сюжеттік сурет бойынша әңгімелеуде қолданамыз.

Педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Балаларға күнделікті ҰОІӨ – де жаңа технологияны қолдану арқылы, балалардың сабаққа деген қызығушылықтарын ояту.

Балабақшада қолданылып жүрген тиімді технологиялар:

1. Денсаулық сақтау технологиясы.
2. Дамыта оқыту технологиясы.
3. Ақпараттық – коммуникативтік технологиялар.
4. Ойын технологиясы.
5. Мнемотехника технологиясы.
6. ТРИЗ технологиясы.

Өзара тәжірибе алмасу арқылы білім процесінде жаңа жетістіктерге жету бойынша айтып өтсем, педагогтарымыз үнемі өзара байланыста, тәжірибе алмасып отырады. Бөбекжайда ұйымдастырылатын осы педагогикалық кеңестерде, педагогикалық сағаттар, семинар, ашық ұйымдастырылатын іс-әрекеттерде және қалалық, облыстық эксперименталдық алаңдар бойынша өткізілетін түрлі шараларда өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп отырады.

Біліктілікті арттырудың түрлі нысандары арқылы педагогтардың кәсіби шығармашылығын дамыту. Ең алдымен педагогтар өз бетімен біліктіліктерін үнемі жетілдіріп отырады, интернет желісі, педагогикалық-интернет журналдар, уақытымен арнайы біліктілік арттыру курстарынан өту арқылы.

2) Жан-жақты тексеру: Күні бойғы әрекет барысының өтілуін тексеру - әдіскер Т.С. Ескалиева

Балалардың бөбекжайда күні бойғы әрекет барысының өтілуін тексеру күн тәртібіне сай, әр топтың «Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы» бойынша қадағаланады.

- Режимдік сәттерді жоспарлау деңгейі, жүйелілік және бірізділік;
- Балалардың жас ерекшеліктеріне бағдарламаға сәйкестігі;
- Заттық-дамытушылық ортаны бағалау, осы бағыт бойынша педагогикалық үдерісті ұйымдастыру үшін жағдай жасау, әртүрлі құралдардың болуы тексерілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерін бақылау нәтижелері:

Кіші топта балалар қызығушылық орталықтарында шағын топтармен әрекет түрлерімен айналысуда, ол үшін қажетті құралдар, заттар, ойыншықтар әзірленген, педагог балаларды толық қамти алды.

Ортаңғы топта педагог ҰІӨ-ін жалпы топпен өткізуде, балалар үшін барлық құралдар әзірленген, оған балалар қызығушылықпен, белсенділікпен қатысты.

ҰІӨ серуенде және күннің ІІ жартысын да тб режимдік сәттерде іске асыру қарастырыла отырып, сабақтастықта бір-бірімен дағдыларды кіріктіре отырып

жүргізді (таңғы жаттығуды, серуенді, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бақылау парақтары толтырылды).

3) «Тәрбиеленушілердің әлеуметтік дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін қалай дамытамын» (шығармашылық есеп беру) – М.А. Кутушева

Мақсаты: мектепалды балалардың таным белсенділігін, білімпаздығын, өз бетімен ізденіске талпынысын зерттеу арқылы дамыту.

Зерттеу іс-әрекетінің түрлері: ұйымдастырылған іс-әрекеті, әңгімелесу, сюжетті-рөлді ойындар, дидактикалық және дамыту жаттығу ойындары, сурет, альбом, фотосуреттерді қарау, серуен мен саяхат, қайырымды істер акциясы, эксперимент-тәжірибелер жасау, мерекелер мен ойын-сауықтар, сайыстар, театр іс-әрекеті.

4) Жедел бақылау: «Өзіндік білім жетілдіру бойынша педагогтер жұмысының деңгейі» - меңгеруші Г.А.Хамидуллина

«Ешкім басқаға өзінде жоқ нәрсені бере алмайды, өйткені өзі дамыған, тәрбиелі, білімді болмаса, басқаларды дамыта, тәрбиелей, білім бере алмайды. Ол ең алдымен өзі өзінің тәрбиесімен айналыспаса, басқаға да тәрбие, білім бере алмайды» А.Дистервег.

Өздігінен білім жетілдірудің мағынасы танымдық белсенділікті қанағаттаныру, педагогтың өзін-өзі үздіксіз білім алуындағы сұранысын білдіріледі. Өздігінен білім жетілдіру негізгі принциптері үздіксіздік, мақсаттылық интегративтік, жалпы және мамандық мәдениеті, қарым-қатынасы мен төменгі баспалдақтан жоғарыға өтетін перманенттік, нұсқалылық және т.б.

Әр педагог өз білімін жетілдіру жұмысымен үнемі айналысып отыру қажеттігі қазіргі заман талабы. Өзіндік білім жетілдіру бойынша біздің ұйым педагогтер жұмысының деңгейіне келетін болсақ, «қанағаттанарлық» деңгейде, бірақ біз мұнымен тоқтап қалмай, әрі қарай деңгейімізді көтеруіміз керек, ол: курстарға бару, интернет арқылы түрлі платформалармен жұмыс істеуді үйрену, журналдарда өз іс-тәжірибемізбен бөлісу, өз жұмыс бағытымыз бойынша авторлық немесе әдістемелік құрал дайындау, түрлі деңгейлердегі шараларға қатысу, сайыстарға қатысу, санаттарымызды көтеру т.б.

6) Көкейтесті мәселелер: электронды журналды уақытында толтыру, ата-аналардың қол қоюын қадағалау, ата-аналар төлемақысының уақытымен төленуі, балалардың кешікпеуі, себепсіз балабақшаны қалдырмау, топтардың безендірілуі т.б.

Педкеңес шешімі:

1. Балалардың бөбекжайда күні бойғы әрекет барысын күн тәртібіне сай, «Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы» бойынша ұйымдастыру;

Жауапты: топ тәрбиешілері, мерзімі: 2024-2025 оқу жылы)

2. Тәрбиеленушілердің әлеуметтік дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін түрлендіру арқылы дамыту;

(Жауапты: топ тәрбиешілері, 2024-2025 оқу жылы)

3. Өзіндік білім жетілдіру бойынша заман талабына сай педагогтер жұмысының деңгейін көтеру.

(Жауапты: әдіскер, барлық педагогтар, 2024-2025 оқу жылы)

Педкеңес төрайымы:

Хатшы:

меңгеруші Г.А. Хамидуллина

Д.И. Төлеген

Тақырыбы: **«Мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-коммуникативтік дамуы»**

Өткізілген уақыты: 28.03.2025ж

Күн тәртібі:

1. №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру (өз тәжірибесімен бөлісу)
3. «Заттық-дамытушы ортаның балаларды әлеуметтендірудегі орны»
4. «Балабақшада балалардың қазақ тілін дамыту әдістері мен тәсілдері»
5. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

- 1) №3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы бөбекжай меңгерушісі Хамидуллина Г.А. айтып өтті.

Тәрбиешілер циклограмманың құрылымын МДҰ-ның күн тәртібіне сәйкес құрады. Циклограмманы жоспарлауға төмендегідей талаптар қойылады:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтайды;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтайды;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолданады;
- балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы дамытушы заттық-кеңістіктік ортасын құрады.

Оқу жылы бойы ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, жоба жасау кезінде экологиялық бағытта балалардың жас ерекшелігіне сай түрлі зерттеулер жасау арқылы өз бетінше шығармашылық ізденістерін дамыту жұмыстары жүргізілді: судың қасиеттерін зертеу, құммен тәжірибе жасау, жаңа түстер жасау, қағаздан түрлі нәрселер жасау, сапалы, табиғи өнімдер жасау, қалдық заттармен жұмыс т.б.

Өзіндік білім жетілдіру бойынша заман талабына сай педагогтерге өз жұмысының деңгейін көтеру үшін түрлі инновациялық технологиялармен таныстырып, қажетті платформаларды (ChatGPT, FireFlies, Trint AI, Midgourney, FireFhes) ұсыну жұмыстары жүргізілді.

- 2) «Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру (өз тәжірибесімен бөлісу)

Тәрбиеші Ж.М. Мендигазиева, мектепке дейінгі балалардың әлеуметте ауызша қарым-қатынасын қалыптастыруда орта үлкен әсер ететіндігіне

тоқталды. Бала тілін дамытуда инновациялық әдіс-тәсілдерді: суреттер мен мнемо-кестелер, ертегілер құрастырып айту, кейіпкерлердің рөлдерін орындау, интерактивті тақта арқылы ойындар ойнату, тб жұмыстар жүргізетінін атап өтті.

3) Заттық-дамытушы ортаның балаларды әлеуметтендірудегі орны – әдіскер

Ы.С. Есимғалиева

Мектеп жасына дейінгі балаларды толыққанды дамыту –

баланың қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады.

Заттық дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау. Топты үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта. Топты орталықтарға бөлуде бір орталықта белгілі бір әрекет түрімен айналысып отырған балаларға келесі орталықтағы балалар кедергі келтірмейтіндей болуы және орталықтарды бөліп тұратын арасынан өтетін орын қарастырылуы қажет.

4) Балабақшада балалардың қазақ тілін дамыту әдістері мен тәсілдері – қазақ тілі мұғалімі Д.И. Төлеген

Балалардың тілін дамыту – мектепке дейінгі білім берудің маңызды бағыттарының бірі. Қазақ тілін меңгеру арқылы балалардың коммуникативтік қабілеттері артады, сөздік қоры байиды. Тіл дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану қажет: көрнекілік әдіс, сөздік әдіс, ойын әдістері, дамыта оқыту әдісі. Қазақ тілін дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану маңызды. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қызықты әрі мазмұнды ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу қажет. Педагогтің шығармашылығы мен кәсіби біліктілігі – табысты оқытудың кепілі.

Педагогикалық кеңес шешімі:

1) Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру мәселесі жолға қойылсын.

(Жауапты: қазақ тілі мұғалімдері, топ тәрбиешілері, 2024-2025 оқу жылы)

2) Балаларды мектепке дейінгі ұйымда толыққанды дамыту үшін – заттық-дамытушы ортаны талапқа сай жасақтауды жалғастыру.

(Жауапты: топ тәрбиешілері, 2024-2025 оқу жылы)

3) Балабақшада балалардың қазақ тілін дамытуда инновациялық әдістер мен тәсілдерді қолдану.

(Жауапты: қазақ тілі мұғалімдері, 2024-2025 оқу жылы)

Педкеңес төрайымы:

меңгеруші Г.А. Хамидуллина

Хатшы:

Д.И. Төлеген

№ 5 Педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «**2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау.**»

Өткізілген уақыты: 28.05.2025ж

Өтілу түрі: дөңгелек үстел

Күн тәртібі:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. «Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі»
3. Арнайы бақылау: «Өзін-өзі бағалау арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын қамтамасыз ету»
 - § Өзін-өзі бағалау
 - § Талдау
 - § Шешім
 - § Жоспар
 - § Әрекет
 - § Мониторинг, Даму
6. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту
7. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

- 1) №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы меңгеруші Г.А. Хамидуллина айтып өтті.

Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру. Инновациялық әдістердің бірегейі - интерактивті оқыту әдісін қолданып, педагогтарымыз бала әрекетін белсендіру, оқу материалын, оқыту әдістері мен тәсілдерін жетілдіру сияқты негізгі педагогикалық мәселелерді іске асыруда. Интерактивті оқыту әдісі дегеніміз – ұжымдық іс-әрекет жүйесі арқылы жеке тұлға белсенділігін арттыруға негізделген, берілген материалды жылдам әрі сапалы меңгертуге бағытталған ерекше үлгіде ұйымдастырылған тілдік қатынас болып табылады.

Интерактивті оқыту әдістерінің артықшылығы:

- ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегінен өткізеді;
- тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады;
- ойлауды белсендіреді;
- әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастырады;
- өз іс-әрекетін талдайды;
- ынтымақтастықпен әрекет етуге үйренеді;
- оқушылардың қызығушылығын туғызады;
- әрқайсысының оқу процесіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- оқу материалдарын тиімді меңгертуге бейімдейді;

- кері байланысты жүзеге асырады;
- балалардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- өмірлік машықтарды қалыптастырады;
- мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

2) «Балалардың бағдарламалық материалды меңгеруі, өткен оқу жылының есебі» - әдіскер Есимғалиева Ы.С.

Оқу-тәрбие жұмысы мемлекеттік тілде жүргізілді. Білім беру үрдісі мемлекеттік стандарт және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бойынша жүргізілді. Балалардың күн тәртібі мен өмірін ұйымдастыру санитарлық ережелер мен нормалар талаптарына сай, тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына байланысты құрылады. Әр баланың жеке-тұлғалық сапасын жетілдіру және оларды дамыту мақсатында физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізілді. Балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау жұмыстарын тәрбиешілер жүргізіп отырды. Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу ҚР оқу-ағарту министрілігі Балаларды ерте дамыту институты әзірлеген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамуының үш деңгейі болуын қарастырады. Біз бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырдық. Біз бөбекжайымызда жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға тәрбиелеу үшін түрлі оқу-тәрбие әрекеттерін: қалалық, облыстық семинарлар, көрме, сайыстар, мерекелік іс-шаралар, спорттық ойын-сауықтар ұйымдастырдық. Балабақшамызда педагогикалық кеңес жылдық жоспарға сәйкес бес рет өткізілді. Оқу жылының басында педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту, өзара ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатысу арқылы тәжірибе жинау мақсатында ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспары бекітіліп, жоспар бойынша белгіленген ашық оқу қызметтері өз уақытында ұйымдастырылды. Педагогтар өзара тәжірибе алмасты. Мерекелік және шынықтыру іс шаралары өткізілді. Бала өмір қауіпсіздігіне байланысты балалар және ата-аналармен әңгіме сұхбат жүргізілді. «Үйдегі қауіпсіздік» туралы кеңестер, «Абайла, балақай» жол белгілері туралы қимылды ойындар, денсаулықтарын сақтау үшін кеңестер берілді. Спорт ойындары «Біз болашақ спортшылар», «Кім күшті, кім епті», «Ұлттық ойындар», эстафеталық ойын-сайыстар ұйымдастырылды.

3) Арнайы бақылау: «Өзін-өзі бағалау арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын қамтамасыз ету»

Әдіскер Есимғалиева Ы.С.

Өзін-өзі бағалау бойынша жыл қорытындысымен таныстырды.

4) Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту.

Әдіскер Есимғалиева Ы.С. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстырып, бекітілді.

5) Ағымдағы мәселелер:

- кезекті еңбек демалысы кестесін келісу;
- ағымдағы топтарды жөндеу жұмыстарының кестесін келісу;
- бөбекжайдан мектепке кететін балалардың құжаттарын жинақтау;
- оқу жылының оқу-тәрбие жұмысының құжаттарын жинақтап, тапсыру.

Педкеңес шешімі:

1. Жас ерекшеліктеріне сай балалар бағдарламалық материалды толық меңгерген.
(жауапты: топ тәрбиешілері мен мамандар, мерзімі: 28.05.2025ж)
2. Өзін-өзі бағалау қорытындысын сайтқа орналастыру.
(Жауапты: меңгеруші, әдіскер, мерзімі: маусым айының бірінші аптасы)
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарын жоспарға сай ұйымдастырып, балалардың жазғы сауықтыру мезгілін толыққанды жүзеге асыру.
(Жауапты: меңгеруші, әдіскерлер, барлық педагогтар, мерзімі: маусым-шілде-тамыз айлары)

Педкеңес төрайымы:
Хатшы:

меңгеруші Г.А. Хамидуллина
Д.И. Төлеген

